



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 918 қаулысы.

Бюджет кодексінің 70-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ
ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 31 тамыздағы
N 918 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты

Кіріспе

Ағымдағы жылы қабылданған Бюджет кодексі бюджет процесін жүзеге асырудың жаңа ұстанымдарын айқындады. Ең алдымен, мемлекеттің экономикалық саясатына сәйкес орта мерзімдік бюджетті жоспарлау қажеттігіне назар аударылуда. Бюджетті жоспарлау процесіне стратегиялық бағдар беру мақсатында алдағы үш жылдық кезеңге арналған салық-бюджет саясатын анықтайтын құжат - Орта мерзімді фискалдық саясатты жыл сайын әзірлеу шешімі қабылданды.

Бұл құжаттың қажеттілігі экономикалық реформалар жетістігінің қоғамның қаржы жүйесін дамыту бағыттарына, жүргізіліп жатқан салық-бюджет саясатының заман талабына барабарлығына тікелей тәуелділігімен негізделген. Қазақстандағы экономикалық өсудің жоғары қарқындары, бюджет кірістерінің өсуі, қаржы институттарының нығаюы, Ұлттық қордың құрылуы, мемлекеттік бюджет тапшылығының ыңғайлы деңгейі мемлекеттің неғұрлым белсенді фискалдық саясатын жүргізуді талап етеді. Мұндай жағдайларда бюджет мемлекеттің ресурстарын жұмылдыру мен жұмсаудың басты құралы ретінде саяси билікке экономикаға ықпал етуге, оның құрылымдық қайта құрылуын қаржыландыруға, экономиканың басым

секторларын дамытуды көтермелеуге, халықтың неғұрлым аз қорғалған жіктерін әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз етуге шынайы мүмкіндік береді. Тиісті қаржы жылына арналған бюджетті әзірлеу кезінде Орта мерзімді саясат негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты (бұдан әрі - Орта мерзімді фискалдық саясат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары, мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар негізінде әрі Қазақстан Республикасы Президентінің "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" атты Қазақстан халқына Жолдауын есепке ала отырып әзірленді.

1. Әлеуметтік-экономикалық ахуал

1.1 Елдің 2003 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау және 2004 жылға арналған маңызды көрсеткіштер серпінін бағалау

2003 жылы ЖІӨ-нің нақты өсуі 9,2%-ды құрады, ал орташа жылдық инфляция 6,4% -ға деңгейінде қалыптасты.

Өткен жылы болжамдалғандай, әлемдік экономика үрдістерінің негізінде мұнайдың жоғары бағасының және доллардың еркін айырбасталатын басқа валюталарға қатысты 20%-дан астам құнсыздануының әсерінен теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамы күшейді.

Саудадағы негізгі әріптес елдер валюталарының қоржынына (евро, ресей рублі, қытай юані) қарағанда, теңгенің АҚШ долларына қатысты күшеюіне қарамастан, теңгенің нақты мәні 2,5%-ға құнсызданды.

Елдегі макроэкономикалық тұрақтылық экономиканың дамуына ынталандырушы ықпал етуін жалғастырды, бұл тауарлар мен қызметтер көрсету өндірісін, тікелей шетелдік инвестициялардың едәуір ағыны мемлекеттік бюджетке кірістер түсімін ұлғайтудың және, сайып келгенде, ел халқының әл-ауқатын арттырудың басты факторына айналды.

Бағалау бойынша 2004 жылғы бірінші жарты жылдықта өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсуі 9,1%-ды құрады. 9,4%-ға өнеркәсіптегі, 5,2%-ға ауыл шаруашылығындағы көлемнің ұлғаюы өсуді қамтамасыз етті. Қызметтер көрсету секторында барлық көлік түрімен жүк тасымалдау көлемі 9,3% -ға, бөлшек тауар айналымының көлемі 7,1 %-ға ұлғайды.

2004 жылғы бірінші жарты жылдықта 2003 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда ЖІӨ құрылымында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Бағалау бойынша, тауарлар өндірісінің ЖІӨ-гі үлесі 40,6%-ды құрады (2003 жылғы қаңтар-маусымда 39,1%), қызметтер көрсету өндірісі - 53,3 % (55,5 %).

Ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындылары бойынша инфляцияның орташа деңгейі 6,6 %-ды құрады және өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ (6,7 %).

Әлемдік рыноктағы қазақстандық негізгі тауарлардың әлемдік бағаларының жоғары деңгейі экспорттық түсімдер көлемінің едәуір ұлғаюына ықпал етті. Ағымдағы жылдың бес айы ішінде сыртқы сауда айналымы 11,5 млрд. АҚШ долларын құрады және 2003 жылғы осындай кезеңнен 46 %-ға артық болды. Экспорт 7 млрд. АҚШ долларын құрады, импорт - 4,5 млрд. АҚШ доллары, өсу тиісінше 42 және 52 %.

Мұнай өндіру саласында шетелдік инвесторлардың қатысуымен ірі инвестициялық жобаларды, Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру, сондай-ақ бірқатар салалық бағдарламаларды жүзеге асыру экономикаға тартылатын инвестициялардың көлемін жоғары деңгейде сақтап қалуға мүмкіндік берді. Өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда негізгі капиталға инвестициялар 12,1 %-ға ұлғайды.

Мұнайдың сақталып отырған жоғары бағалары және елге валюта түсімінің ірі көлемінің ағыны теңге бағамы нығаюының негізгі себебіне айналды. Осылайша, 2004 жылғы бірінші жарты жылдықта теңгенің орта өлшенген айырбас бағамы 1 АҚШ доллар үшін 138,42 теңге құрады. Жыл басынан бері АҚШ долларына номиналды көріністегі теңге 5,07 %-ға нығайды.

Бағалау бойынша 2004 жылы инфляцияның орташа деңгейі 5,6-7%-ды құрайды, бұл индикативтік жоспардың болжамына сай келеді.

Бағалар өсуіне қатысты қайта қаржыландырудың ресми ставкасының деңгейі әлсіз оң болып ұсталады (7 %), бұл іскерлік белсенділікті кеңейтуді көтермелеуге мүмкіндік береді.

Елдің сауда теңгерімі нығайтылады. 2004 жылы оң сальдо 4,5 АҚШ доллары мөлшерінде бағаланып отыр.

Өнеркәсіптік өндіріс көлемінің өсуі 9,2 %-ды құрайды, ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі өткен жылғы деңгейге қарағанда 2,8%-ға өседі. Негізгі капиталға инвестициялар 10%-ға артады.

Қызметтер көрсету саласындағы даму қарқындарының басып өсуі күтілуде.

2003 жылғы деңгейге қарағанда көрсетілетін байланыс қызметтері көлемінің өсу қарқыны 30%-ды, көліктікі 8,6%-ды, сауданікі 8,5%-ды құрайды.

1.2 Салық саясатын іске асыру

2003 жылы салық заңдарындағы өзгерістер салық жүктемесін азайту, жаңа техника мен алдыңғы қатарлы технологиялар ағынын көтермелеу және оларды енгізу жолымен

елдің экономикалық өсуін көтермелеуге, мемлекет пен салық төлеушілердің өзара қарым-қатынастарын жақсартуға бағытталған және елдің инвестициялық тартымдылығын жоғарылатуға арналған.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары" атты Қазақстан халқына Жолдауына, Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясына сәйкес салық жүктемесін азайту және елдің экономикалық өсуін ынталандыру, сондай-ақ белгілі бір санаттағы азаматтардың кірістерін заңдастыруын ынталандыру және еңбекақыны ұлғайту мақсатында 2004 жылдан бастап жеке табыс салығының ставкалары азайтылды, әлеуметтік салық бойынша ставкалардың кемімелі шәкілі енгізілді, қосылған құн салығының ставкасы азайтылды, арнайы экономикалық аймақтар аумағында салық салудың ерекше режимі белгіленді, арнайы салық режимдерін қолдану салалары кеңейтілді.

Экономиканы одан әрі тұрақты дамыту, жүргізіліп жатқан реформаларды тереңдету мақсатында мұнай операцияларына, қаржы лизингіне, резидент еместерге, қаржы құралдарына салық салу, сондай-ақ салықтық әкімшілендіру нормалары жетілдірілді.

Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салудың жаңа шарттарын енгізудің негізгі мақсаттары: бюджет кірістерін мұнай операцияларынан барынша көп алу, жер қойнауын пайдаланушылардың экономикалық ниеттерін сақтай отырып, тараптар мүдделерінің ең жоғарғы теңгеріміне қол жеткізу болып табылады.

Қаржы лизингіне салық салуды жетілдіру Қазақстанда негізгі құралдарға инвестицияларды қаржыландырудың аса маңызды құралдарының бірі ретінде лизингті одан әрі дамытуға ықпал етеді.

1.3. Бюджет жүйесін жетілдіру

Бюджет жүйесін жетілдіру мақсатында соңғы жылдары Қазақстанда бірқатар шаралар кешені жүргізілді.

Тұрақты негізде жұмыс істейтін бюджет комиссиялары құрылды, олардың мақсаты бюджеттер жобаларының уақтылы және сапалы әзірленуін қамтамасыз ету, бюджеттерді нақтылау және атқару жөнінде ұсыныстар тұжырымдау, әкімшілердің бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерін қарау болып табылады.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарын көрсететін бағдарламалық, мақсатты бюджетті қалыптастыру жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламалар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын іске асырудың негізгі құралы болып табылады.

2003 жылдан бастап қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламалар тізбесі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді кезеңге арналған индикативтік

жоспарының құрамында бекітіледі. Бюджеттен қаржыландыруды талап ететін мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламалардың бәрінде жылдар мен қаржыландыру көздері бөлінісінде қаржы қаражатының талап етілетін көлемі айқындалған.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарын көрсететін нақты бюджетті қалыптастыру мақсатында, 2002 жылдан бастап бюджет оның есебінен мемлекеттің ағымдағы мұқтаждарын орындауға бағытталған бағдарламалар жүзеге асырылған ағымдағы бюджет және экономикаға инвестициялық шығыстарды, яғни инфрақұрылымды дамытуға, қала құрылысына, ақпараттық жүйелерді, ғылымды, адами капиталға инвестицияларды құру мен дамытуға және т.с.с. арналған шығыстарды қамтитын даму бюджеті болып бөлінді. Бюджеттің мұндай бөлінуі мемлекеттің заңдарда айқындалған және мемлекеттік мекемелердің бар желісін ұстауға бағытталған өзінің функцияларын орындау құнын және мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуына оның инвестициялық салымының көлемін нақты бағалауға, сондай-ақ бюджеттік бағдарламаларды жүйелеуге мүмкіндік берді.

Бюджет қаражатын жұмсаудың ашықтығын қамтамасыз ету және олар бойынша бюджеттік бақылау жүргізу үшін 2002 жылдан бастап әкімшінің өзіне жүктелген функцияларды орындау жөніндегі қызметін бағалаудың негізгі құжаты ретінде бюджеттік бағдарламаның паспорты енгізілді. Мұндай шараны ұтымды жоспарлау, бюджеттік бағдарламаларды орындау және әкімшілердің бюджет ақшасының тиімді пайдаланылуы үшін жауапкершілігін күшейту қажеттігі айқындап берді.

Бюджет жүйесін жетілдіру жөніндегі жекелеген іс-шаралар барысында шешімі жүйелік ұстанымды талап ететін көптеген мәселелер анықталды. Осыған байланысты қолданыстағы заңдар нормаларын реттеуге және жүйелеуге, олардың неғұрлым икемді құрылымын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Бюджет кодексі әзірленді.

Бюджет кодексінде бюджет жүйесінің орнықтылығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін жаңа қағидаттар бар, бұрын қолданылған бюджетті жоспарлау қағидаттары, барлық бюджет деңгейлерінің шығыс және кіріс бөліктерін қалыптастыру жөніндегі ұстанымдар қайта қаралды.

Қолданыстағы заң кесімдеріне функционалдық талдау жүргізу нәтижесінде және орталық пен өңірлер арасындағы қатынастардағы жинақталған оң және теріс тәжірибені ескере отырып, бюджетаралық қатынастар қағидаттары, ресми трансферттердің нысандары, республикалық бюджеттің, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджетінің кірістері айқындалды. Барлық бюджет деңгейлеріне қаржылық орнықтылық беру мақсатында Бюджет кодексінде бюджет деңгейлерінің шығыстық өкілеттіктері нақты бөлінді. Бюджеттердің дербестен күшейту үшін, сондай-ақ бюджетаралық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін бюджеттік субвенциялар мен алып қоюлардың мөлшері үш жылға арналып белгіленетін болады.

Бюджет кодексінде бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау туралы бап көзделген, оған сәйкес тиісті есептерді жүргізу, бюджеттік бағдарламалардың негіздемесін, олардың орындалу барысы мен олар көрсететін елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына ықпал етуін талдау және бюджеттік бағдарламалардың тиімсіз бағыттарын айқындау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген және бекіткен бюджеттік бағдарламалардың тиімділігіне бағалау жүргізу әдістемесі бюджетті жоспарлау, атқару және оның атқарылуын бақылау процесінде бюджеттік бағдарламалардың тиімділігіне бағалау жүргізу тәртібі мен көрсеткіштерінің жүйесін айқындайды.

2005 жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің 2005-2007 жылдарға арналған бюджеттік өтінімдерін қараған кезде Республикалық бюджет комиссиясы республикалық бюджеттік бағдарламалардың 2003 жылы және 2004 жылғы республикалық бюджеттік бағдарламалардың 2003 жылы және 2004 жылғы бірінші жарты жылдықта іске асырылуы туралы ақпаратты қарады. Қарау нәтижелері нақты бюджеттік бағдарламаны алдағы қаржы жылында орындаудың орындылығына және оны қаржыландыру көлемдеріне қатысты шешімдер қабылдау үшін негіз болды.

Бюджеттік инвестициялар ұғымы кеңейтілді, инвестициялық жобаларды кезең-кезеңмен іріктеу, сондай-ақ жобалардың тиімділігін бағалау тәртібі енгізілуде.

Жергілікті атқарушы органдардың тек жоғары тұрған бюджеттен ғана қарыз алу құқығы сақталып, сыртқы және ішкі капитал рыноктарынан қарыз алуы алынып тасталады.

Ұлттық қорға қаражат аударудың жаңа тетігі енгізілді, осыған сәйкес Ұлттық қорды қалыптастыру көзі болып табылатын барлық ресми трансферттер тікелей мемлекеттік бюджеттен аударылатын болады.

2. 2005-2007 жылдарға арналған фискалдық саясаттың мақсаты мен міндеттері

2.1 Фискалдық саясаттың мақсаты мен міндеттері

Орта мерзімді кезеңдегі фискалдық саясаттың негізгі мақсаты тұрақты экономикалық дамудан және барлық өңірлердегі азаматтардың әл-ауқатының өсуінен көрінетін ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Орта мерзімді кезеңде бұл мақсатқа қол жеткізуге мынадай негізгі міндеттерді шешу:

экономика салаларын әртараптандыру, ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға көшу үшін жағдайлар дайындау;

көлеңкелі экономика үлесін азайту;

ЖІӨ-ге қатысты мемлекеттік борыштың мөлшерін қысқарту, оның құрылымын оңтайландыру;

инфрақұрылымды және адами капиталды дамыту;
мемлекет көрсететін қызметтер сапасын арттыру ықпал етеді.

Бұдан басқа, фискалдық саясат мемлекеттің жалпы экономикалық саясатының маңызды құрамдаушысы бола отырып, жоспарланған кезеңде инфляцияның орташа жылдық деңгейі бойынша белгіленген межені, төлем балансының орнықтылығын, тауарлар мен қызмет көрсетулердің соңғы тұтынуының өсуін және капиталдың жинақталуын қолдауға ықпал етуі тиіс.

2.2 Фискалдық саясатты іске асырудың негізгі бағыттары

Фискалдық саясат міндеттерін іске асыру мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

салық заңдарын және салық әкімшілігін жүргізуді жетілдіру;

мемлекеттің мұнай кірістерін Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры арқылы пайдалану тетіктерін жетілдіру;

шығыстарды, бір жағынан, мемлекеттік функциялардың толық көлемде тиімді орындалуын және, екінші жағынан, макроэкономикалық тұрақтылыққа жәрдемдесуді қамтамасыз ететін деңгейде ұстау;

мемлекеттік шығыстардың нәтижелілігі мен тиімділігін, соның ішінде бюджет процесінің барлық деңгейлерінде бюджеттік бағдарламалау әдістерін одан әрі енгізу жолымен арттыру;

дамуға бағытталатын бюджет шығыстарын тиімді қалыптастырудың жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында инвестициялық жобаларды дайындау, қарау, іріктеу процесін реттеу;

бюджетаралық қатынастарды жетілдіру бюджет жүйесінің түрлі деңгейлері арасында кіріс және шығыс өкілеттіктерді нақты ажыратуды белгілеу.

3. Фискалдық саясатты іске асыру тетіктері

3.1 Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған негізгі көрсеткіштері

Мақсатты өлшемдерді, қолдағы даму резервтері мен сыртқы және ішкі факторлардың күтілетін әсерін есепке ала отырып айқындалатын республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының ықтимал сценарийлерін қалыптастыру Үкіметтің орта мерзімді перспективадағы салық-бюджет саясатының мүмкіндіктерін айқындауға, мемлекеттік шығыстар туралы салмақты шешімдер қабылдауға және тиісінше мемлекеттік қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Орта мерзімді фискалдық саясатты іске асырудың міндеттері мен негізгі бағыттарын айқындау кезінде ел экономикасын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған базалық сценарийі негіз ретінде алынды (1-кесте).

Базалық сценарийде мұнайға әлемдік баға бір баррель үшін 28-33 АҚШ доллар аралығында болады деп болжанады. Сыртқы конъюнктура индексі 2003 жылмен салыстырғанда 2005 жылы тағы да 1,6%-ға одан әрі азая отырып, 5,4%-ға кемиді. 2006-2007 жылдары индекс неғұрлым аз, жылына 0,5%-ға өсетін болады. Мұнайдың экспорттық бағасы бір баррель үшін 21-25 АҚШ доллары деңгейінде тұрақталады. Сауда теңгерімінің оң сальдосы жылына орта есеппен 2,3 млрд. астам АҚШ долларын құрайды.

Осы сценарийге сәйкес ЖІӨ-нің орташа жылдық өсуі 2005-2007 жылдары 8,1 %-ды құрайды.

Тауарлар өндірісімен салыстырғанда қызметтер көрсетудің басып өсу үрдісі сақталады. Болжанып отырған кезеңде тауар өндірісі орта есеппен жылына 7,8 %-ға, ал қызметтер көрсету өндірісі 8,7 %-ға өседі.

Кәсіпорындардың қаржы жағдайының жақсаруымен бірге халықтың нақты кірісінің ұлғаюы экономиканың нақты секторына инвестициялардың өсуі үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Инвестициялық сұраныстың кеңеюі бірінші кезекте кәсіпорындардың дербес қаражаты есебінен алынатын инвестициялық қаржыландырудың ішкі көздерімен байланысты болады. Негізгі капиталға инвестициялар көлемінің өсу қарқыны жоспарланып отырған кезеңде 12-15 %-ды құрайды.

Инфляция деңгейі орта есеппен 2004 жылғы 5,6-7 %-дан 2007 жылы 4,1-5,5%-ға дейін төмендейді.

Үкіметтің фискалдық саясатының іске асырылуына тәуелсіз макроэкономикалық факторлар өзгерген жағдайда оның негізгі параметрлері кейіннен мұндай өзгерістердің дәрежесіне қарай түзетілетінін не нақтыланатынын атап өту қажет.

1-кесте

Қазақстан Республикасының макроэкономикалық көрсеткіштерінің 2004-2007 жылдарға арналған болжамы (базалық сценарий)

Атауы | 2003 | 2004 | болжам
 | есеп | бағалау |-----
 ||| 2005 | 2006 | 2007

ЖІӨ, млрд. теңге 4449,8 5138 5850 6640 7557
 ЖІӨ-нің нақты өзгеруі,
 өткен жылға %-бен 109,2 109,0 107,9 108,0 108,5
 ЖІӨ дефляторы, % 107,9 105,9 105,5 105,0 104,9
 ЖІӨ, млрд. АҚШ доллары 29,8 37,6 44,4 51,4 59,0
 Жан басына шаққандағы

ЖІӨ, АҚШ долл. 1997,2 2504,5 2942,4 3378,3 3853,7
Тұтыну бағаларының
индексі, %-бен
жылына орта есеппен 6,4 5,6-7 4,9-6,5 4,8-6,2 4,1-5,5
Теңгенің АҚШ долларына
бағамы
жыл соңына 43,3 133,6 130,0 128,4 127,6
жылына орта есеппен 149,5 136,7 131,7 129,2 128,0
Ақша массасы, млрд. теңге 971,2 1325,0 1631,0 1938,0 2266,0
Экономиканы монеталандыру
деңгейі, % 21,8 25,8 27,9 29,2 30,0
Ұлттық Банктің қайта
қаржыландыруының
ресми ставкасы, %
(кезең соңында) 7,0 7,0 6,8 6,5 6,0
Тауарлар экспорты,
млн. АҚШ долл. (ФОб) 13201,4 16832 17566 17328,3 17872,2
Тауарлар импорты,
млн. АҚШ долл. (ФОб) 9030,7 12324,2 13486,6 14237,0 15320,0
Сауда теңгерімі,
млн. АҚШ долл. 4170,7 4507,9 4079,4 3091,3 2552,2
Қызметтер көрсету
теңгерімі, млн. АҚШ долл. -2251,5 -2302,0 -1972,0 -1887,0 -1723,0
Ағымдағы шот, млн.
АҚШ доллары -69 -357 -335 -1460 -1818
Негізгі капиталға
инвестициялар
өткен жылға %-бен 110,6 110,0 112,0 115,0 114,0
Ауыл шаруашылығының
жалпы өнімінің көлемі,
млрд. теңге 606,7 648,6 701,9 757,2 810,3
өткен жылға %-бен 101,4 102,8 103,3 103,4 102,9
Өнеркәсіптік өнім
көлемі, млрд. теңге 2794,4 3147,4 3445,1 3704,5 3898,6
өткен жылға %-бен 108,8 109,2 107,3 108,1 107,4
мұнай және газ
конденсатын өндіру,
млн. тонна 51,3 56,1 59,0 64,4 68,7
оның ішінде, экспорт,

млн. тонна 44,3 48,6 50,9 55,5 59,0
 Мұнайдың әлемдік бағасы
 (Brent қоспасы), бір
 баррель үшін АҚШ доллары 28,9 32,6 32,9 29,0 28,5
 Мұнайдың экспорттық
 бағасы, бір баррель
 үшін АҚШ доллары 21,6 24,5 24,7 21,8 21,4
 Құрылыс, млрд. теңге 446,9 528,2 650,7 812,4 1027,6
 өткен жылға %-бен 109,3 111,5 112,0 113,5 114,0
 Көлік қызметтері,
 млрд. теңге 880,0 975,7 1069,8 1189,5 1439,2
 өткен жылға %-бен 107,8 108,6 108,0 109,0 110,0
 Байланыс, млрд. теңге 144,0 196,6 247,7 299,1 357,7
 өткен жылға %-бен 125 130,0 120 115 115
 Сауда, млрд. теңге 1191,8 1411,3 1615,2 1892,5 2206,6
 өткен жылға %-бен 109,4 108,5 109,0 109,5 110,0

2-кестеде Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде айқындалған құрылым* бойынша ел экономикасын дамытудың базалық сценарийі негізінде жасалған 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет болжамы көрсетілген.

2-кесте
 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет болжамы
 (ЖІӨ-ге пайызбен)

Атауы | Болжам

|-----

|2005 жыл|2006 жыл|2007 жыл

Кірістер 24,30 24,03 24,29
 Шығындар 24,19 23,78 23,97
 Операциялық сальдо 0,11 0,25 0,32
 Таза бюджеттік кредит беру 0,21 -0,05 0,14
 Бюджеттік кредиттер 0,35 0,07 0,25
 Бюджеттік кредиттерді өтеу 0,14 0,13 0,11
 Қаржы активтерімен жасалатын
 операциялар бойынша сальдо 1,40 0,80 0,68
 Қаржы активтерін сатып алу 1,44 0,83 0,71
 Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан
 түсетін түсімдер 0,03 0,03 0,03

Бюджет тапшылығы (профициті) -1,50 -0,50 -0,50

Бюджет тапшылығын қаржыландыру

(профицитін пайдалану) 1,50 0,50 0,50

*Ескерту.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес салық және басқа да міндетті төлемдер, ресми трансферттер, мемлекетке өтеусіз негізде берілетін, қайтарылатын сипатта болмайтын және мемлекеттің қаржы активтерін сатуға байланысты емес, бюджетке есептелуге тиісті ақша бюджет кірістері болып табылады.

Қайтарылмайтын негізде бөлінетін бюджет қаражаты бюджет шығындары болып табылады.

Операциялық сальдо бюджет кірістері мен шығындары арасындағы айырма ретінде айқындалады. Бюджет шығындарында бюджеттік даму бағдарламалары болған жағдайда теріс операциялық сальдоға жол беріледі.

Бюджеттік кредит - бюджеттен қайтарымды, мерзімді және ақылы негізде бөлінетін ақша. Бюджеттік кредитті өтеу - кредиттік шартқа және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бюджеттік кредит бойынша негізгі борышты қарыз алушының өтеуі. Таза бюджеттік кредит беру бюджеттік кредиттердің және бюджеттік кредиттерді өтеудің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Қаржы активтерін сатып алу - заңды тұлғалардың, соның ішінде халықаралық ұйымдардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын мемлекеттік меншікке сатып алу жөніндегі операциялармен байланысты бюджет шығыстары. Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғалардың, соның ішінде халықаралық ұйымдардың, мүліктік кешен түріндегі мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың қатысу үлесін, бағалы қағаздарын, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге де мемлекеттік мүлікті сату жөніндегі операцияларға байланысты бюджетке түсетін түсімдер. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо қаржы активтерін сатып алу мен мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдердің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Бюджет тапшылығы (профициті) таза бюджеттік кредит беруді және қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдоны шегеріп тастағандағы операциялық сальдоға тең.

Бюджет тапшылығын қаржыландыру - қарыз алу және бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен бюджет тапшылығын жабуды қамтамасыз ету.

Бюджет профицитін пайдалану - қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге бюджет профицитін, қарыздар қаражатын, бюджет қаражатының бос қалдықтарын жұмсау.

3.2 Кірістер саясаты

Салық саясаты

Мемлекеттің салық саясаты салық салудың нақты салық түріне экономикалық негізделуінен, кәсіпкерлікті дамытуға тосқауыл болатын кедергілерді жоюдан, салық заңдары нормаларының қарапайымдылығы мен айқындылығынан, сондай-ақ салық мәдениетін одан әрі арттырудан бастау алуы тиіс.

Фискалдық саясаттың міндеттерін іске асыру шеңберінде салық жүйесі мемлекет қазынасын толықтыруға ғана бағдарланбай, сонымен бірге экономиканы басқарудың күшті құралы болуы тиіс.

Орта мерзімді кезеңде:

жоғары технологиялы және экспортқа бағдарланған өндірістерді салықтық көтермелеу;

инвестициялық салық преференцияларын беру нысандарын кеңейту мүмкіндігін қоса алғанда, экономиканың шикізаттық емес секторындағы инвестициялық ахуалдың тартымдылығын күшейту үшін шаралар қолдану салық заңдарын жетілдірудің негізгі бағыттарына айналуы тиіс.

Бұл міндеттерді іске асыру үшін Үкімет Салық кодексіне 2005 жылдан бастап өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар тұжырымдады. Атап айтқанда, негізгі құралдарды жаңарту мен жаңғырту процестерін ынталандыру және жеделдету, инвестициялық салық преференцияларын беру нысандарын кеңейту, қосылған құны жоғары тауарлар өндірісін салықтық ынталандыру және халықаралық стандарттарға сай келетін сапа менеджменті мен қоршаған ортаны қорғау жүйелерін енгізу, қаржы операциялары мен қаржы рыногы субъектілеріне салық салуды жетілдіру, салық әкімшілігін жүргізуді жақсарту мақсатында амортизациялық саясатты жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер көзделеді.

Мемлекеттің салық төлеушілермен өзара қатынастарын одан әрі жақсарту салық салу саласындағы мемлекеттік саясаттың ерекше бағытына айналуы тиіс, бұл қатынас екі тарап арасындағы өзара тығыз іс-қимылдан, жүргізіліп жатқан процестердің барлық маңызын өзара түсінуден құралуы тиіс.

Жүргізіліп жатқан саясат нәтижесінде, бір жағынан, салық төлеушілердің салық заңдарының нормаларын дұрыс түсінуіне қол жеткізу, салық төлеушілердің салық тәртібін сақтау деңгейін арттыру үшін, екінші жағынан, салық жүйесінің транспаренттілігін, оның әділдігін, тұрақтылығын және болжамдылығын қамтамасыз ету, салық төлеушілердің барлық санаттары үшін салық жүктемесінің теңгерімділігіне қол жеткізу үшін оңтайлы жағдайлар жасалатын болады, бұл сайып келгенде, мемлекеттің экономикалық және саяси тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет кірістері

Мемлекеттік бюджет кірістері 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап ұсынылып отырған өзгерістерді есепке ала отырып, салық заңдары, республиканың маңызды макроэкономикалық көрсеткіштері, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары негізінде айқындалған.

Мемлекеттік бюджет кірістерінің болжамы 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Мемлекеттік бюджет кірістері
(ЖІӨ-ге %-бен)

Атауы |2005 жыл|2006 жыл|2007 жыл

Кірістер 24,3 24,0 24,3

Салықтық түсімдер 23,2 22,9 22,9

Салықтық емес түсімдер 0,7 0,6 0,6

Негізгі капиталды сатудан түсетін
түсімдер 0,4 0,5 0,8

Өткен жылға қарағанда 2005 жылы салықтық түсімдердің өсуі 14,6 %-ды, 2006 және 2007 жылдары тиісінше 11,9 %-ды және 13,7 %-ды құрайды.

Кірістер болжамының есептеулерінде жоспардан тыс салықтық және өзге де міндетті төлемдері Ұлттық қорға есепке алынатын шикізат секторы ұйымдарының тізбесі ескерілді. Бұл ұйымдар бойынша салық түсімдерін есептеу мұнайдың бір баррель үшін 19 АҚШ доллары болатын әлемдік тұрақты есептеу бағасы ескеріле отырып жүргізілді.

Бұдан басқа, Салық кодексінің ережелеріне енгізілген, тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды есептеу тәртібін реттейтін, 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін өзгерістер 2005 жылы корпорациялық табыс салығын шамамен 26,0 млрд. теңгеге азайтуға алып келеді.

Салықтық түсімдер "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есепке ала отырып айқындалған әлеуметтік салық ставкаларының өзгерісіне түзетілді.

Сонымен қатар, салықтық түсімдерде Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудан түсетін қосымша салық түсімдері ескерілді.

2006 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Теңізшевройл" ЖШС арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес 2006 жылы "Теңізшевройл" ЖШС 200 млн. АҚШ доллары мөлшерінде роялти төлеуді жүзеге

асырмайды, ал 2007 жылдан бастап роялтиді - 200 млн. АҚШ долларын төлеу есебінен есепке алу жүзеге асырылады, бұл салықтық түсімдердің болжамын қалыптастыру кезінде де ескерілген.

2005 жылы салықтық емес түсімдер 2004 жылғы бағалауға қатысты 48,8 %-ға азаюмен, 2005 жылғы болжамға қарағанда 2006 жылы 2,1 %-ға азаюмен және 2007 жылы 1,8 %-ға ұлғаюмен болжануда.

Өткен жылмен салыстырғанда 2005 жылы салықтық емес түсімдердің төмендеуі республикаға Agip Caspian Sea B.V. 13,8 млрд. теңге сомасында бір жолғы өтемақы төлеуімен, 2004 жылы "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін жалгерлік ақы бойынша 9,2 млрд. теңге сомасында берешектің өтелуімен, Ұлттық Банк кірісінен түсетін түсімдердің 16,5 млрд. теңге сомасында азаюымен және АҚШ долларына теңгенің күшеюімен байланысты.

2006 жылы салықтық емес түсімдердің төмендеуі қаржылық көмек шеңберінде орталық мемлекеттік органдар тартатын гранттар түсімдерінің азаюымен байланысты.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті кірістерінің құрамындағы мұнай және мұнайдан тыс секторлардың кәсіпорындарынан түсетін түсімдердің ара қатынасын айқындау маңызды болып табылады (4-кесте). Бұл қазіргі сәтте біздің ел экономикасының едәуір дәрежеде мұнай экспортының есебінен қаржыландырылуымен негізделген. Фискалдық саясатты одан әрі жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджеттің кіріс бөлігінің мұнайдың әлемдік бағаларының күрт ауытқуына тәуелділігін азайтуға ұмтылуы тиіс. Осыған байланысты бюджеттің мұнайдан тыс тұрақты тапшылығының тұжырымдамасы ерекше мүддені білдіреді, мұнда мұнай кірістерінің түсімдері ескерілмейді және тиісінше ол әлемдік мұнай рыногында қалыптасқан жағдайға тікелей тәуелді емес.

4-кестеде көрсетілгендей, салық саясаты мұнайдан тыс (әсіресе шикізаттық емес) секторды дамытуды ынталандыруға бағытталады. Мұнай кірістеріне тәуелсіз салық базасын дамыту экономиканы әртараптандыру жөніндегі мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді және жүргізіліп жатқан фискалдық саясаттың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

4-кесте

Мемлекеттік бюджет кірістерінің құрылымы
(мемлекеттік бюджет кірістеріне пайызбен)

Кәсіпорындардан түсетін түсімдер | 2005 жыл | 2006 жыл | 2007 жыл

- мұнай секторынан 22,2 18,9 17,6

- мұнайдан тыс сектордан 77,8 81,1 82,4

Мемлекеттік бюджет қажеттіліктерін қаржыландыруға жіберілетін мұнай кірістерінің ағынын реттеу жүйесінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры маңызды буын болып табылады. Ұлттық қордың жұмыс істеуі елді тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамыту, болашақ ұрпақ үшін қаржы қаражатын жинақтау (жинақтау функциясы) және экономиканың қолайсыз сыртқы факторлардың әсеріне тәуелділігін төмендету (тұрақтандыру функциясы) мақсатында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік бюджет пен Ұлттық қор арасындағы өзара қатынастар тетігін одан әрі жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізу ниетінде. Ұлттық қордың мынадай міндеттерді шешудің неғұрлым ұтымды жолдарын айқындап беретін тұжырымдамасын әзірлеу ұйғарылып отыр:

1. Бюджеттің конъюнктураға тәуелді түсімдері мен шығыстары арасындағы теріс ара-салмаққа қол жеткізу. Қолайлы конъюнктура кезеңдерінде мемлекеттің дағдарыс жылдарындағы қаржылық міндеттемелерін ұстап тұру үшін жеткілікті қаражат жинақтау.

2. Болашақ ұрпақты қамтамасыз ету үшін орны толтырылмайтын табиғи ресурстарды пайдаланудан қаражат жинақтау.

3. Валюта ағыны тудыратын шамадан тыс инфляциялық қысымды болдырмау үшін ақша массасын айықтыру.

4. Шығыстарды бақылау жолымен ішкі сұранысты тежеу, экономиканың тым қызып кетуін болдырмау.

Осыған байланысты және орта мерзімді перспективада мұнайдың әлемдік бағасының қолайлы болжамдарына орай Ұлттық қорда қаражат жинақтау саясатын жалғастыру жоспарланып отыр (5-кесте).

5-кесте

Ұлттық қорға түсімдер серпіні

Атауы	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл
болжамы	болжамы	болжамы	
----- ----- -----			
млрд. ЖІӨ-ге млрд. ЖІӨ-ге млрд. ЖІӨ-ге			
теңге %-бен	теңге %-бен	теңге %-бен	

Тұрақтандыру портфелі:

Республикалық бюджетке 70,2 1,2 63,3 0,9 64,4 0,8

шикізат секторы ұйымдары.

нан түсетін іс жүзіндегі

түсімдердің олардың тиісті

қаржы жылына арналған

республикалық бюджет

туралы заңда бекітілген
жылдық көлемінен асып
түсуі ретінде айқындалатын
республикалық бюджеттен
берілетін ресми трансферттер

Жинақтау портфелі:

I. Республикалық бюджетке 12,9 0,2 11,9 0,2 12,8 0,2

шикізат секторының
ұйымдарынан түсетін
түсімдердің республикалық
бюджетте жоспарланатын
сомаларының 10 % мөлшерінде
есептелетін республикалық
бюджеттен берілетін ресми
трансферттер

II. Республикалық меншікке 2,8 0,05 2,8 0,04 1,2 0,02

жататын әрі кен өндіруші
және өңдеуші салаларға
жататын мемлекеттік
мүлікті жекешелендіруден
түсетін түсімдер есебінен
айқындалатын республикалық
бюджеттен берілетін ресми
трансферттер

III. Ауыл шаруашылығы 0,4 0,01 0,4 0,01 0,4 0,01

мақсатындағы жер учаскеле.
рін сатудан түсетін
түсімдер есебінен айқын.
далатын жергілікті
бюджеттен берілетін
ресми трансферттер

Жинақтау портфелінің жиыны 16,1 0,3 15,1 0,2 14,4 0,2

Ұлттық қорға түсімдердің
жиыны 86,3 1,5 78,4 1,2 78,8 1,0

3.3 Шығындар саясаты

Бюджет саясаты мемлекеттің түрлі экономика салаларына қатысты тиімділігін бағалауға негізделген және мемлекеттің қатысуы тән емес немесе орынсыз бағыттар бойынша бюджет қаражатын жұмсауды қысқартуға бағытталған. Бұл ретте ағымдағы міндеттемелерді бір мезгілде орындай отырып бюджет ресурстарын түйінді стратегиялық міндеттерді кешенді шешуге шоғырландыру маңызды болып табылды.

Фискалдық саясаттың міндеттерін іске асыру шеңберінде мемлекеттің қаржы ресурстарын мемлекеттік басқару функцияларының барынша тиімді әрі толық орындалуын қамтамасыз ететіндей түрде тарату қажет. Бұл үшін экономикалық және бюджеттік жоспарлаудың нарықтық экономика жағдайларына бейімделген тұтас жүйесін құру қажет. Бағдарламалық құжаттарды оңтайландыру және біріздендіру, олардың іс-шараларының бюджет шығыстарымен нақты өзара байланысын белгілеу бұл жұмыстың ажырамас бөлігі болып табылады.

Жоспарлаудың бағдарламалық-мақсатты әдісін одан әрі жетілдіру мақсатында мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін, олардың республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін бағалау жүйесі әзірленеді. Бұл бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары, мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар негізінде орта мерзімді кезеңдер бюджет шығыстарының мынадай басымдықтары айқындалды:

- денсаулық сақтауды реформалау және дамыту;
- білім беруді дамыту;
- әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету;
- индустриялық-инновациялық даму;
- аграрлық секторды дамыту;
- жаңа тұрғын үй саясатын іске асыру;
- Астана қаласын дамыту.

2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет шығыстары мемлекет функцияларының орындалуын, мемлекеттік саясаттың іске асырылуын көрсететін салалық белгілері мен функционалдық бағыты бойынша біріктірілген. Мемлекеттік бюджет шығыстарының ЖІӨ-ге пайызбен болжанып отырған көлемі функционалдық бөліністегі Қосымшада көрсетілген.

2007 жылы шығыстардың жалпы көлемінің болжамды номиналды өсу қарқыны 2005 жылға қатысты 24 %-ды құрайды. Бұл ретте мемлекеттік бюджет шығыстарының өсу қарқыны ЖІӨ-нің өсу қарқынынан төмен. Бұл әлемдік, әсіресе мұнай-газ

секторындағы қолайлы конъюнктураға байланысты ЖІӨ-нің жоғары болжамды өсу қарқынымен негізделген. Мұнайдың жоғары әлемдік бағалары жағдайларында фискалдық саясат үстеме кірістердің бір бөлігін Ұлттық қорда шоғырландыру және кейіннен әлемдік қаржы рыноктарына орналастыру жолымен оларды айналыстан шығаруға бағытталады. Бұл инфляцияның өсуіне және экономиканың "тым қызып кетуіне" жол бермеуге мүмкіндік береді.

Мұндай ұстанымның дұрыстығын мұнай экспорттаушы елдердің көп жылдық тәжірибесі растайды. Ол жекелеген қолайлы жылдардағы шамадан тыс жоғары мемлекеттік шығыстар кейіннен, мұнай бағаларының циклдық төмендеу жылдарында көбінесе, экономикадағы макроэкономикалық теңгерімсіздік салдарынан төменгі тұрмыс деңгейіне және мемлекеттік кірістер мен шығыстардың тұрақты теңгерімінің бұзылуына алып келетіндігін көрсетеді. Мұның алдын алу үшін жекелеген уақыт кезеңдерінде табиғи ресурстардан түсетін кірістерді пайдалану теңгеріміне қол жеткізу жөніндегі шараларды үнемі қабылдау және жетілдіру қажет.

Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету

"Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету" функционалдық тобы бойынша шығыстар 2005-2007 жылдары ЖІӨ-нің 1,5 %-ы деңгейінде болжанып отыр.

Жоғары технологиялы дамудың және Қазақстан азаматтарының әл-ауқатының негізі болып табылатын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды ұлғайтудың маңызы басым болады. Ұзақ мерзімді перспективада тиісті инфрақұрылымды дамыта отырып, ғылым мен инновацияға арналған шығыстарды дамыған елдер деңгейіне дейін ұлғайту қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей: "мемлекеттің бәсекелестік қабілеті елдің халықаралық аренадағы рөлі мен беделінің артуынан, мемлекеттің өз азаматтарының өзекті проблемаларын шешу қабілетінен, мемлекет ұсынатын қызметтер сапасының артуынан көрінеді".

Сондықтан мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру - мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын халықаралық стандарттарға көшіру, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану, мемлекеттік қызметшілердің кәсіпқойлығын айтарлықтай арттыру және оларды даярлау мен қайта даярлаудың тиімді жүйесін құру арқылы мемлекеттік басқарудың жинақы аппаратын қалыптастыру мәселелерін шешу жақын арадағы перспективада неғұрлым өзекті болады.

Мемлекеттік қызметтің қоғамдағы беделін арттыру мемлекеттік қызметшілердің мәртебесі мен әлеуметтік қорғалуын күшейту саясатын мақсатты жүргізу жолымен іске асырылады.

Бұдан басқа, мемлекеттік басқару функцияларын орталықсыздандыруға байланысты мемлекеттік кадр саясатын жетілдірудің жаңа міндеттері Мемлекеттік

қызмет академиясының материалдық-техникалық базасын нығайту, даярлау және біліктілікті арттыру жүйесін жетілдіру, мемлекеттік қызметшілерді оқытудың бірыңғай стандарттарын енгізу арқылы өңірлік деңгейде шешілетін болады.

Әкімшілік реформа тұрғысынан ақпараттандыру мемлекеттік басқаруды жаңғырту мақсаттарына қол жеткізу үшін маңызды құрал болып табылады.

Міндет - бірқатар мемлекеттік қызметтер мен мемлекеттік органдардың функционалдық міндеттерін автоматтандырылған режимге ауыстыруда. Бұл жұмыс сапасы мен жеделдігін, олар қабылдаған шешімдердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2005-2007 жылдары ақпараттандыру саласында:

ұлттық біріздендіру жүйесін, мемлекеттік органдардың барлық электронды қызметтері мен ақпараттық ресурстарына "бірыңғай қол жетімділік нүктесін" білдіретін "электронды Үкіметтің" бірыңғай шлюзін (порталын) іске асыруды қоса алғанда, "электронды Үкімет" инфрақұрылымының негізгі құрамдауыштарын қалыптастыруды, сондай-ақ Куәландырушы орталық құруды;

орталық және өңірлік ведомстволық, ведомствоаралық ақпараттық жүйелерді құруды және дамытуды, оларды республиканың ұлттық ақпараттық инфрақұрылымына біріктіруді;

байланыс операторларының қатысуымен қазіргі заманғы технологиялар базасында мемлекеттік органдардың қорғалған бірыңғай мультсервистік көліктік ортасын құруды көздейтін инвестициялық жобаларды іске асыру шығыстардың негізгі бағыттары болады.

"Электрондық Үкімет" шеңберінде қазіргі заманғы техникалық шешімдер негізінде перспективалы ақпараттық кедендік технологиялардың қолданыстағыларын жетілдіру, жаңаларын енгізу есебінен Қазақстан Республикасы кеден қызметінің тиімді жұмыс істеуін арттыруға бағытталған "электрондық кеденнің" ақпараттық жүйесін құру ұйғарылып отыр.

Осыған байланысты: қолдағы ақпараттық ресурстарды біріктіру және электрондық паспорттар, қол қою, құжат айналымы, сатып алу мен төлемдер жүйесінің құрамында инфрақұрылымды қалыптастыру; мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен қызметтерге әмбебап қол жеткізудің қоғамдық инфрақұрылымын құру; мемлекеттік органдардың қызметін олардың өзара, сондай-ақ жұртшылықпен ақпарат айырбасын оңтайландыру бағытында қайта ұйымдастыру талап етіледі.

"Электрондық Үкімет" іс-шаралары мемлекеттік аппараттың функциялары мен штатын оңтайландыруға және оның жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасау нысандарын демократияландыруға әкелуі тиіс.

Мемлекеттік басқаруды функционалдық қайта ұйымдастыру, ақпарат беру үшін қорғалған бірыңғай орта құру және интернетке қол жетімділіктің қоғамдық орталықтарын ұйымдастыру қажеттігін ескере отырып, осы бағдарламаны іске асыру мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін едәуір арттыруды, мемлекеттік органдар ішінде функцияларды қайта бөлуді және босаған құралдарды олардың қызмет ету процестерін автоматтандыруға қайта жіберуді, сондай-ақ әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасының "электрондық Үкіметін" қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жоғарыда аталған іс-шараларға қосымша қаражат бөлуді талап етеді.

Орта мерзімді кезеңде барлық деңгейдегі мемлекеттік органдарды толық компьютерлендіруді жүзеге асыру, оларды электрондық почтаға қосу және мемлекеттік органдардың бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесін құру қажет.

Жаңа мүмкіндіктер арқылы барлық мемлекеттік органдарда, ұлттық компанияларда және республикалық мемлекеттік кәсіпорындарда орта мерзімді жоспарлаудың көп деңгейлі тұтас жүйесі қалыптасады.

Қорғаныс

"Қорғаныс" функционалдық тобы бойынша шығыстар өзіне қорғаныс қажеттіліктеріне, төтенше жағдайлардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыруға, қорғалатын тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және салтанатты рәсімдерді орындауға арналған шығыстарды қамтиды және ЖІӨ-ге 2005 және 2006 жылдары 1,2%-ды 2007 жылы - 1,5%-ды құрайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы қорғаныс мұқтаждарына арналған шығыстарды жоспарлаудың негізі болып табылады, бұған сәйкес қорғанысқа арналған шығыстардың көлемі кемінде ЖІӨ-нің 1%-ы мөлшерінде көзделеді, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру, реформалау кезеңдері мен әскери-экономикалық қамсыздандырудың негізгі бағыттары айқындалған.

Тұжырымдалған шараларды іске асыру мақсатында қорғаныс мұқтаждарына арналған шығыстар көлемін 2005-2006 жылдары ЖІӨ-нің 1,0%-ы, 2007 жылы - 1,2% деңгейінде белгілеу ұйғарылып отыр.

Қарулы Күштерді жасақтау мен қалыптастырудың келісім-шарттық жүйесіне көшу жолымен армияны кәсібилендіру болжанып отырған шаралардың негізгі міндеті ретінде қойылады, оның мақсаттары бөлімдер мен бөлімшелердің әскери дайындығын жоғарылату, әскери-оқытылған резервті дайындау, әскери қызметтің және тұтастай Қарулы Күштердің беделін арттыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру мен дамытудың өткен кезеңдегі тәжірибесі мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді "келісім-шарттағыларға" ауыстыру армия қызметіне оң әсер ететінін көрсетті. Мысалы, Қарулы Күштердегі адам шығыны мен қылмыс саны азаяды, моральдық-психологиялық ахуал жақсарады.

Армияны жасақтаудың келісім-шарттық жүйесіне көшудің бастапқы кезеңінде қосымша бюджет шығындары талап етіледі. Бұл көшу кейіннен халық үшін қосымша жұмыс орындарын құрудан көрінетін оң экономикалық әсерге ие болады. Айтарлықтай үнемдеуді жергілікті бюджеттер алуы тиіс, өйткені 17-ден 27-ге дейінгі жастағы еркек жынысты азаматтар жылына екі рет міндетті медициналық куәландырудан өткізілетін мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыруға арналған шығыстар және онымен байланысты басқа да шығыстар қысқарады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін жасақтаудың келісім-шарттық жүйесіне көшуді 2005 жылы солдаттар мен сержант лауазымындағы келісім-шарт қызметінің әскери қызметшілерінің сандық құрамын штаттың 65%-ына дейін ұлғайту жолымен жүзеге асыру және 2007 жылға дейін осы пайыздық ара қатынасты тұрақтандыру көзделіп отыр.

Жоспарланып отырған кезеңде Қарулы Күштердің материалдық-техникалық базасын жақсарту көзделуде. Бұл үшін қару-жарак пен әскери техника санын оңтайландыру жөнінде шаралар қабылдау керек.

Ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіпке, атап айтқанда, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар, індеттер мен эпизоотийлер жатады. Сондықтан халықты, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізуші объектілерді дүлей апаттардан, авариялар мен опаттардан қорғау, олардың салдарын жою мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың басым салаларының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының халқын, экономикалық әлеуеті мен қоршаған ортасын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар әсерінен тиімді қорғауды арттыруға және қамтамасыз етуге, олардың салдарының, оның ішінде ірі көлемді жер сілкіністерінің, су тасқындарының, селдің және жер көшкіннің алдын алу, залалды төмендету мен жою үшін күштер мен құралдарды дамытуға қол жеткізу мақсаттарында Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алудың және оларды жоюдың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленуде.

Осы Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға 2005-2006 жылдары республикалық бюджеттен 4 млрд. теңгеден астам мөлшерде қаражат көзделеді.

Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік

"Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2005 жылы ЖІӨ-нің 2,3 %-ы, 2006 жылы - 2,2 %-ы және 2007 жылы - 2,2 %-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр.

Жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің сыртқы және ішкі қауіптерден қорғалуын қамтамасыз ету үшін әлемдегі террорлық агрессия жағдайларында мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінің зор маңызы бар.

Жоспарланып отырған орта мерзімді кезеңде түзеу мекемелерінде ұсталатын сотталғандарды ұстау жағдайларын; қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындаудың сапасын; қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің кәсіби даярлығын жақсартуға бағытталған қазіргі уақытта қолданыстағы Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасының іс-шараларын іске асыру жалғасады.

2005-2006 жылдары осы бағдарламаны іске асыруға шамамен 5 млрд. теңге бөлінеді

Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға тиімді қарсы тұру арқылы елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүйесін одан әрі қалыптастыруға, оның өсуіне ықпал етуге, адал кәсіпкерлікті дамытуға және бәсеке ортасын жақсартуға бағытталған әзірленетін Қазақстан Республикасында экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру ұйғарылып отыр.

Білім беру

"Білім беру" функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2005 жылы ЖІӨ-нің 3,6% -ы, 2006 жылы - 3,6 %-ы және 2007 жылы - 4,0 %-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес білім беру саласындағы бюджет саясаты көп деңгейлі үздіксіз білім берудің әлемдік білім беру кеңістігіне біріктірілген әрі тұлға мен қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыратын ұлттық моделін қалыптастыруға, сондай-ақ ғылым мен өндірісті біріктіруге бағытталады.

Осы мақсаттарда аталған бағыттағы негізгі стратегиялық міндеттерді көздейтін білім беруді дамытудың 2010 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарлама әзірленуде.

Мәселен, орта мерзімді кезеңде жоғары сатыдағы оқушыларды кәсіптік оқытуды көздейтін он екі жылдық білім беруге көшу жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Білім беру ұйымдарында оқитындардың білім сапасын жоғарылату мақсатында 2004 жылы білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі құрамдастарының бірі - ЖОО-ға қабылдау емтихандарымен біріктірілген оқып жатқандарды қорытынды мемлекеттік аттестаттау нысаны ретінде ұлттық бірыңғай тестілеуді құру жөніндегі жұмыс басталды. Бұл іс-шараны енгізу білім беру сапасын объективті бағалау әрі жоғары және орта кәсіптік білімге қол жетімділіктің әлеуметтік әділдігі үшін бірыңғай өлшеу материалдарының көмегімен білім беру сапасын мемлекеттік бақылауды және басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру жақсармайынша, білім сапасын жоғарылату мен оны әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігіне біріктіру мүмкін емес.

Қазіргі уақытта мемлекеттік деңгейдегі ақпараттандыру білім берудің тек бір деңгейін - орта білім беруді ғана қамтыған. Осы уақытқа дейін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде, жоғары кәсіптік және ЖОО-дан кейін кәсіптік білім беруде ақпараттандыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізілген емес, оқыту процесінде қолданылатын ақпараттық технологиялардың мониторингі жүзеге асырылмаған.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындары жүйесін ақпараттандыру бағдарламасын іске асыру нәтижесінде компьютерлік техникамен қамтамасыз етілу республика бойынша орта есеппен бір компьютерге 54 оқушыны құрады және ТМД елдері арасында ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады.

Компьютерлендірумен қатар мектептерді "Интернет" ғаламдық жүйесіне кезең-кезеңмен қосу процесі жүзеге асырылды. Бүгінгі күні 3495 мектеп немесе жалпы мектептер санының 44%-ы Интернетке қосылды, мұның 2208-і ауылдық мектеп болып табылады.

Алайда, ауыл оқушыларының сапалы білім алудағы бастапқы мүмкіндіктерін теңестіру үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімдері 2004 жылы телефондандыру жүргізеді және 2971 мектептің Интернетке қосылуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауына сәйкес 2005 жылы 75%-дан кем емес мектептерді Интернетке қосу қамтамасыз етіледі. 2005 жылы жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерді Интернет желісіне қосуға және оның трафигін төлеуге 0,5 млрд. теңге сомасында қаражат көзделеді.

2005-2007 жылдары барлық деңгейдегі білім беру стандарттары қайта әзірленеді, ғылыми-педагогикалық және педагог кадрлардың жаңа буынын даярлау басталады, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді жаңарту процесі жалғасады, менеджмент пен сапаны бақылау жүйесі енгізіледі, бүкіл білім беру жүйесін одан әрі демократияландыру жүзеге асырылады.

Осы жылдары білім берудің әлемдік стандарттарының талаптарына сәйкес келетін, білім сапасын кешенді емтихандар арқылы бағалауға, оқушылар мен білім беру ұйымдарының даму серпінін байқау үшін білім сапасының мониторингін жүзеге асыруға, түйінді құрамдауыштары оқушылардың оқу жетістіктері болып табылатын білім сапасын үнемі байқаудың кешенді жүйесін құруға мүмкіндік беретін барлық деңгейдегі білім беру сапасын бағалаудың Ұлттық жүйесі енгізіледі.

Аталған іс-шараларды іске асыруға қосымша шамамен 2 млрд. теңге жұмсалады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде Қазақстанның Болон процесіне қосылуы және кадрлар даярлаудың (бакалавриат - магистратура - докторантура) тұтас жүйесіне толық көшу, аспирантурадан, дәстүрлі докторантурадан кезең-кезеңмен бас тарту, тиісті халықаралық аккредитациясы бар шетелдік алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен бірге алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары базасында PhD даярлау бағдарламасын ашу жүргізіледі.

Аталған мақсаттарға қосымша 3,1 млрд. теңге бөлу жоспарланып отыр.

Бұл ретте, жаңа сатыдағы педагогтарды даярлау мақсатында 2005/2006 оқу жылынан бастап педагог кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы 5000 бірлікке ұлғаяды, бұған шамамен 2,9 млрд. теңге бөлу көзделіп отыр.

Кемтар балаларды қолдау мақсатында әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау шаралары әзірленетін болады.

Қазіргі уақытта білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын едәуір жаңарту және оқу құралдарымен және жабдықпен жарақтандыру қажеттігі пісіп-жетілді.

Жалпы білім беретін және кәсіптік мектептердің, білім беру жүйесінің қызметкерлерін қайта даярлаудың республикалық және өңірлік институттарының материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңмен жаңартуды жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджеттен 4,1 млрд. теңге бөлу ұйғарылып отыр.

Осыған байланысты, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімдері мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған өңірлік бағдарламаларды қабылдауы тиіс.

Қалалар мен облыс орталықтарында аса маңызды білім беру объектілерін салуға 2005-2007 жылдары республикалық бюджеттен жыл сайын 2,5 млрд. теңге бөлу ұйғарылып отыр.

Денсаулық сақтау

"Денсаулық сақтау" функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2005 жылы ЖІӨ-нің 2,8%-ы, 2006 жылы - 2,9 %-ы, 2007 жылы - 3,0 %-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр.

Денсаулық сақтау саласындағы бюджет саясаты халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыруға, оның артықшылықтары туралы хабардар болуын жоғарылатуға, мемлекет пен азаматтардың ортақ жауапкершілігіне, медициналық сақтандыруды дамытуды ынталандыруға және бастапқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде денсаулықты, аурулардың алдын алу жүйесін нығайтуға, халық денсаулығын азаматтардың сапалы медициналық және дәрілік көмекке қол жетімділігін арттыру жолымен жақсартуға бағытталады.

Осы мақсаттарға қол жеткізуге "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы, "Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасы, Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетіне қарсы әрекет ету жөніндегі бағдарлама, Қазақстан Республикасында туберкулезге қарсы күресті күшейтудің 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы бағытталған.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды реформалаудың және дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді, оны іске асыруға 2005-2007 жылдары мемлекеттік бюджетте 114,1 млрд. теңге сомасында қосымша қаражат көзделеді.

Осы бағдарламаның шеңберінде мынадай басымды іс-шаралар көзделген.

Сапалы бастапқы медициналық-санитарлық көмекпен (БМСК) қамтамасыз ету

БМСК-тің негізгі бағыттарының бірі кейіннен серпінді қадағалай отырып әрі сауықтыра отырып профилактикалық медициналық қарауларды жүзеге асыру болып табылады, бұл мемлекеттік бюджеттен 10,1 млрд. теңге бөлуді талап етеді.

2005 жылдан бастап амбулаторлық-емханалық және стационарлық деңгейлерде емдеу диагностикасының мерзімді медициналық-экономикалық хаттамаларын енгізу арқылы БМСК деңгейіндегі медициналық қызметтердің сапасын арттыруға және ауруханаға негізсіз жатқызуды болдырмауға қол жеткізіледі.

БМСК ұйымдарының қамтамасыз етілу деңгейі біртіндеп медициналық жабдықпен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және санитарлық автокөлікпен жарақтандырудың ең төменгі нормативіне дейін жеткізіледі - мемлекеттік бюджет шығыстары шамамен 13,9 млрд. теңге, оның ішінде ауылдық жерлерде 10,1 млрд. теңге құрайды.

Ауыл халқына сапалы медициналық қызмет көрсету үшін 2007 жылы ауылдық денсаулық сақтауда ұтқыр және телемедицинаны енгізу ұйғарылып отыр - 2005-2006 жылдары республикалық бюджет шығыстары шамамен 3,3 млрд. теңгені құрайды.

Көрсетілген іс-шараларды іске асыру нәтижесінде халықтың негізгі аурулармен сырқаттануы азаяды, бұл амбулаторлық емдеуге деген ниет жүйесімен қатар ауруханаға жатқызуды 10-15 пайызға азайтуды көздейді.

Туберкулезбен сырқаттануды 2003 жылғы 160,4-тен 2007 жылы 150-ге дейін 100000 адамға азайту жоспарлануда. Жыныс жолдарымен берілетін инфекциялармен сырқаттануды жыл сайын орта есеппен 10%-ға азайту жоспарланып отыр.

Ана мен баланың денсаулығын нығайту

Жекелеген ауру түрлері бойынша амбулаторлық деңгейде емделіп жатқан 5 жасқа дейінгі балаларды тегін дәрілік заттармен қамтамасыз ету ұйғарылып отыр, бұл үш жыл ішінде республикалық бюджеттен шамамен 1,7 млрд. теңге қаражат бөлуді көздейді.

Амбулаторлық емдеу кезінде диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерді тегін дәрілік заттармен қамтамасыз ету ұйғарылып отыр, бұл 2,1 млрд. теңге сомасында қаражат бөлуді көздейді.

Сондай-ақ, жүкті әйелдерді құрамында темір және йод бар препараттармен тегін қамтамасыз ету үшін 2,3 млн. теңге сомасында қаржы көзделген.

Астана қаласында Ана мен баланың республикалық орталығын салу басталды. Алдын ала есептеулер бойынша бұл іс-шараны іске асыруға 18,6 млрд. теңге қажет.

Балалар ұйымдары мен босануға жәрдем көрсететін ұйымдардың жарақтандырылу деңгейі медициналық жабдықпен жарақтандырудың ең төменгі нормативіне дейін жеткізіледі, бұл ретте 2005-2007 жылдары қажетті қаражат сомасы шамамен 5,4 млрд. теңгені құрайды.

Көрсетілген іс-шараларды іске асыру республика бойынша ана өлімін орта есеппен 2003 жылғы 42,1-ден 2007 жылы 38,2-ге дейін 100000 тірі туған балаға және сәбилердің шетінеуін 13,9-ға дейін 1000 тірі туған балаға азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ бұл көрсеткіштерді одан әрі жақсартуды қамтамасыз етеді.

Ел халқының қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік препараттарға қол жеткізуін қамтамасыз ету

2005 жылдан бастап фармацевтикалық саланы кезең-кезеңмен халықаралық стандарттарға көшіру жоспарланып отыр.

Контрафактық және контрабандалық өнімдердің кіргізілуін алдын алуға, фармакотерроризмді азайтуға бағытталған шараларды әзірлеу жоспарланып отыр.

Дәрілік заттар, медициналық техника және медициналық мақсаттағы бұйымдар айналысы саласында сынау орталығы мен оның филиалдарын аккредиттеу, сондай-ақ олардың зертханаларын жарақтандыру жоспарлануда - мемлекеттік бюджет шығыстары шамамен 2,7 млрд. теңгені құрайды.

Аталған іс-шаралардан басқа, республикалық бюджеттен дамуға мақсатты трансферттер есебінен қаржыландырылатын денсаулық сақтау объектілерін салу да жоспарланып отыр, бұл ретте, қаржы бірінші кезекте туберкулезге қарсы ауруханаларды, перзентханалар мен орталық аудандық ауруханаларды салуға және жөндеуге жіберіледі.

Қалалар мен облыс орталықтарында ауылдық денсаулық сақтау объектілерін және аса маңызды денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға 2005-2007 жылдары республикалық бюджеттен тиісінше 16,2 және 7,5 млрд. теңге қаражат бөлу көзделуде.

2005 жылы республикалық бюджеттен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қаржылық толықтыруға қосымша 15 млрд. теңге бөлінеді.

Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек

"Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек" функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2005 жылы ЖІӨ-нің 5,3 %-ы, 2006 жылы - 5,3 %-ы, 2007 жылы - 5,2 %-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр.

Елдегі экономикалық өсу халықты әлеуметтік қамсыздандыруды дамытуға арналған шығыстарды ұлғайтуға мүмкіндік берді. Осыған байланысты, 2003 жылғы 1 маусымнан бастап зейнетақы төлемдерінің мөлшерін сараланған түрде жоғарылату жүзеге асырылды, соның нәтижесінде жалпы зейнеткерлер санының 60%-нан астамының немесе 1 млн. астам зейнеткердің аталған төлемдері жоғарылады.

Мұндай реформа жүргізу зейнетақының ең төменгі мөлшерін алатын зейнеткерлер санын үш есеге қысқартты.

Бұдан басқа, 2003 жылдан бастап мемлекет жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары - ақталған азаматтарға бір жолғы ақшалай өтемақы төлеуге кірісті. 2003 жылдан бастап

республикалық бюджеттен бала тууға байланысты 15 АЕК мөлшерінде бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге қаражат бөлінеді.

2004 жылы жоғарыда көрсетілген мақсаттарға, сондай-ақ басқа да әлеуметтік төлемдерге арналған шығыстар республикалық бюджетте тұтыну бағалары индексінің өсуі есепке алына отырып көзделген.

2005-2007 жылдары әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек саласындағы бюджет саясатының негізгі мақсаттары кедейшілікті одан әрі азайту, әлеуметтік қамсыздандырудың қаржылық орнықты, әлеуметтік әділ үш деңгейлі жүйесін құру, атаулы әлеуметтік көмекті күшейту болып табылады.

Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін негізгі сипаттары қаржы орнықтылығы мен мемлекет, жұмыс беруші мен жұмыскердің арасындағы жауапкершілікті бөлу болып табылатын әлеуметтік қамсыздандырудың үш деңгейлі жүйесін құруға бағытталған Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді.

Көрсетілген бағдарламаның іс-шараларын іске асыру үшін 2005-2007 жылдары мемлекеттік бюджеттен қосымша шамамен 172,5 миллиардтан астам теңге бөлінеді, бұл ретте оның негізгі іс-шараларын үш кезеңмен жүзеге асыру көзделіп отыр.

Бірінші кезең - Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес 2005 жылы зейнетақы мөлшерлері инфляция деңгейін басып озып индекстеледі, бұл ретте зейнетақының ең төменгі мөлшері 6200 теңге құрайды. Зейнетақымен қамсыздандыруға 2005 жылы қосымша 11,5 млрд. теңгеден астам, 2006 жылы - 15,5 млрд. теңге, 2007 жылы - 19,2 млрд. теңге бөлінеді.

Бұдан басқа, 2005 жылдан бастап қолданыстағы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері:

I топтағы 47 мың мүгедекке - 3 АЕК-ке;

II топтағы 193 мыңнан астам мүгедекке - 2,5 АЕК-ке;

III топтағы 125 мыңға жуық мүгедекке - 2 АЕК-ке;

16 жасқа дейінгі 50 мыңнан астам мүгедекке - 3 АЕК-ке;

асыраушысынан айырылған 262 мың отбасына 0,3 - 1 АЕК-ке ұлғайтылады.

Көрсетілген мақсаттарға қосымша 13,1 млрд. теңге жіберіледі.

ҰОС-ның мүгедектері мен қатысушыларына арнайы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерін 15 АЕК-ке дейін ұлғайтуға, сондай-ақ ҰОС-дағы Жеңістің 60 жылдығының тойлануымен байланысты іс-шараларды жүргізуге 6,5 млрд. теңге сомасында қаражат бөлінеді, ал ҰОС-ның қатысушылары мен мүгедектеріне 30 мың теңге мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек көрсетіледі.

Екінші кезең - 2006 жылы халықаралық стандарттарға жақындау мақсатында ең төменгі күнкөріс деңгейі базалық әлеуметтік көрсеткіш ретінде алынады, соның негізінде әлеуметтік төлемдердің мөлшері қайта қаралады, бұған 2006 жылы - 38,9 млрд. теңге, 2007 жылы 48,2 млрд. теңге қаражат бөлу көзделіп отыр. Сондай-ақ, аз

қамтылған отбасылардың 18 жасқа дейінгі балалары үшін жәрдемақылар енгізіледі, бұл іс-шара мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету төлемдерін төлеу қаражатын азайту есебінен, бөлінетін қаражат шегінде іске асырылатын болады.

Үшінші кезеңде 2007 жылдан бастап бір жасқа дейінгі баланы күту жөніндегі мемлекеттік жәрдемақыларды енгізу көзделеді, бұл ретте жәрдемақы мөлшерінің 4-балаға дейін үдемелі шәкілі болады. Осыған байланысты республикалық бюджеттен қосымша 15,3 млрд. теңге бөлу көзделіп отыр. Еңбекке уақытша жарамсыздық жөніндегі жәрдемақының мөлшері ұлғайтылады, бұған 2 млрд. астам теңге талап етіледі.

2005 жылдан бастап "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізіледі, мұнда азаматтарды әлеуметтік қорғаудың мемлекет жүзеге асыратын нысандарының бірі ретінде міндетті әлеуметтік сақтандырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздері белгіленеді. Бұл негізгі сипаттары қаржылық тұрақтылық пен мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасындағы жауапкершілікті бөлу болып табылатын әлеуметтік қамсыздандырудың үш деңгейлі жүйесін құруға негіз болады.

Бұдан басқа, болашақта мүгедектерді әлеуметтік, еңбекке бейімдеу жүйесін жетілдіру, мүгедектерді қоғамға біріктіру үшін протездік-ортопедиялық бұйымдардың жаңғыртылған модельдерін сатып алу, сондай-ақ балалары бар отбасыларға материалдық қолдау көрсету жөніндегі шараларды қабылдау ұйғарылып отыр.

Елге қоныс аударушылардың ағынын одан әрі көтермелеу, демографиялық ахуалды жақсарту және Қазақстан Республикасының халық санының өсуін қамтамасыз ету мақсатында 2005-2007 жылдары көші-қон квотасы бойынша келген оралмандар отбасыларын көшіруді ұйымдастыруға, әлеуметтік қорғауға және тұрғын үймен қамтамасыз етуге бюджет қаражаты бөлінеді. 2005 жылы оралмандардың көші-қон квотасы 15000 отбасына дейін ұлғайтылады. Оларды көшіру және тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін 10,6 млрд. теңге бөлінеді.

Телекоммуникациялар саласын ырықтандыру кезеңінде, 2004 жылғыдай, республикалық бюджетте әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік төлем тарифінің жоғарылауына өтемақыға қаражат көзделетін болады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық

"Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобы бойынша бюджет шығыстарын 2005 жылы ЖІӨ-нің 1,7 %-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр, 2006 жылы - 1,6% және 2007 жылы - 1,6 %.

Қазіргі уақытта тұрғын үй қоры түгелдей дерлік жеке сектордың иелігінде, мұнда бәсекелестік жағдайлары жасалған және қызметтердің іс жүзінде пайдаланылған көлеміне ақы төлеуге көшу жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар тұрғын үй қорын пайдалану және ұстау мәселесі проблемалы болып отыр. Ескірген және авариялы тұрғын үй көлемі өсуде. Халықтың қалың бұқарасының

тұрғын үйге нақты қол жеткізуін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларын шешу қажет.

Осыған байланысты, арзан тұрғын үй ұсыну және тұрғын үйге қол жетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың тұрғын үйлерде қауіпсіз әрі сапалы тұруы үшін жағдайлар жасау басты міндеттер болып табылады.

Бұл үшін Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді, оның басты мақсаты халықтың қалың бұқарасының тұрғын үйге қол жеткізуін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларын кешенді шешу болып табылады. Осы бағдарлама шеңберінде, атап айтқанда, мемлекеттік бюджет есебінен коммуналдық тұрғын үй салу, сондай-ақ Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне салымдар бойынша сыйлықақылар төлеу жүзеге асырылатын болады.

Үкімет тұрғын үй-коммуналдық саланы реформалауды да жалғастырады.

Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік

"Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2005 жылы ЖІӨ-нің 0,8 %-ы, 2006-2007 жылдары - 0,7%-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр.

Осы функционалдық топ бойынша шығындар саясатының негізгі мақсаттары:

Жібек жолы трассасының қазақстандық учаскесін урбандаудың тарихи жүйесінің жалпы ұлттық, әлеуметтік-экономикалық және халықаралық рөлін қайта өрлету;

қазақстандық және шетелдік азаматтардың әр алуан туристік қызметтерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы туристік кешен құруға жәрдемдесу;

елдегі дене шынықтыру мен спортты одан әрі дамыту;

әсіресе ауылда халықтың дене шынықтырумен және спортпен айналысуы үшін жағдай жасау; спорттың және ұлттық ойындардың олимпиадалық, ұлттық, техникалық, қолданбалы түрлерін дамыту;

бұқаралық спорт және жоғары жетістіктер спорты саласында спорт резерві мен халықаралық сынып спортшыларын дайындауды ғылыми-әдістемелік, медициналық-биологиялық және психологиялық қамтамасыз ету жөнінде зерттеулер жүргізу;

спорт резервін және халықаралық сынып спортшыларын даярлау;

Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету;

бірыңғай ақпараттық кеңістікті нығайту, теңгерімді тілдік және әлеуметтік бағдарланған жастар саясатын нығайту болып табылады.

Бұл мақсаттар тиісті бағдарламалық құжаттар шеңберінде бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру арқылы іске асырылатын болады.

"Жібек жолы тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұраларын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде оның іс-шараларының ауқымдылығын, көп салалы сипатын және капитал сыйымдылығын ескере отырып, республикалық бюджеттен туризм объектілерінің тізбесіне енгізілген және кәдеге жаратуға жатпайтын, республикалық санатта қорғалатын ескерткіштерді қорғау, қалпына келтіру және зерттеу мақсатына жыл сайын бөлінетін қаржы бөлу шегінде қаражат көзделеді. Жыл сайын жергілікті бюджеттен жергілікті санатта қорғалатын, туристік бағыттарға қосылған ескерткіштерге тиісті қаражат көзделеді.

2005 жылы Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аяқталады, мұның шеңберінде дене шынықтыру-сауықтыру және спорт объектілерінің желісін дамыту, мамандар даярлау және саланы білікті кадрлармен қамтамасыз ету, саланы ұйымдық, ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз ету, біліктілігі жоғары және спорт резервіндегі спортшыларды дайындау мәселелерін шешу қамтамасыз етіледі.

"2004-2006 жылдарға арналған мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларын қаржыландыру халықтың зор мәдени мұрасын зерделеудің біртұтас жүйесін жасауға, ұлтымыздың тарихы үшін ерекше маңызы бар бірқатар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді қамтамасыз етуге, өрістетілген көркем, ғылыми, биографиялық серияларды жасауға, әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері базасында гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын құруға бағытталған.

Тілдерді қолданудың және дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникациялық функцияларын өрістету әрі нығайту, орыс тілінің жалпы мәдени функцияларын сақтау және этникалық топтардың тілдерін дамыту мақсатында тиісті бюджет қаражаты көзделіп отыр.

2005 жылы Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдарды азаматтық қоғамның бір бөлігі ретінде тұрақты дамыту үшін жағдайлар жасауға және мемлекеттік билік органдар тарабынан өзара іс-қимыл жасау мен қолдау көрсету негізінде олардың қоғамның әлеуметтік маңызды проблемаларын шешудегі рөлін күшейтуге бағытталған Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру аяқталады.

Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасында ұлттық сипаттағы, саяси маңызы бар неғұрлым ірі әрі маңызды проблемаларды шешу, соның ішінде теледидар және радио хабарларын таратудың арнайы дайындалған бағдарламаларын ТМД елдеріне және алыс шетелдерге трансляциялауды ұйымдастыру, қазіргі заманғы технологияларды пайдалану есебінен

жаңа таратқыштарды орнату немесе радио және телехабарларды таратудың қолданыстағы желісін жаңғырту жолымен халықтың мемлекеттік теледидар және радио бағдарламалармен барынша көп қамтылуын қамтамасыз ету көзделді.

2005 жылы Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамыту бағдарламасын іске асыру аяқталады, бұл бағдарлама:

мұрағат ісін дамытудың және мұрағат саласының нарықтық экономика жағдайларында жұмыс істеуінің оңтайлы моделін тұжырымдауға;

ақпараттық ресурстарды жинақтаудың, жүйелеудің, іздеудің және пайдаланудың қазіргі заманғы тетіктерін құруға;

мұрағат саласының материалдық-техникалық базасын дамытуға бағытталған.

Туризм саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан беделінің тартымды туристік объект ретінде қалыптасуына, ұлттық туризм өнімдерінің қалыптасуына және оның әлемдік деңгеймен салыстыруға болатын сапасын қамтамасыз етуге, қолдау және саланы мемлекеттік реттеудің оңтайлы әдістерін таңдау негізінде туризмді кешенді дамытуға қол жеткізуге бағытталған.

Стратегиялық көзқарас тұрғысынан туристердің жалпы санындағы келу туризмінің үлесі 2003 жылғы 30%-дан 2005 жылы 40%-ға дейін ұлғайып, 7 мың адамға жететіні маңызды болып табылады. Әлемдік практикада бір шетелдік туристке қызмет көрсету 9 жұмыс орнын құратынын ескерсек, 2005 жылы келу туризмінің есебінен әлеуетті 540 мың жұмыс орнының қамтылуын ұстап тұруға болады. Келу туризмі көлемінің ұлғаюына байланысты жұмыспен қамтылған халық кірістері де ұлғаятын болады.

Ішкі туризм көлемі 2003 жылғы 56 мың адамнан 2005 жылы 90 мың адамға дейін өседі. Республика ішіндегі туристер ағынының жылына шамамен 11 мың адамға өсуіне қол жеткізу жоспарланып отыр.

Отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану

"Отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану" функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2005 жылы ЖІӨ-нің 0,5 %-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр, 2006 жылы - 0,2 % және 2007 жылы - 0,1%.

Осы саладағы орта мерзімді перспективадағы бюджет саясаты:

Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларының барланған қорларын толықтыруды және олардың тиімді пайдаланылуын арттыруды қамтамасыз ететін минералдық-шикізат ресурстарын мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге және табиғи капитал - көмірсутек шикізатын терең әрі кешенді қайта өңдеуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдауға;

жер қойнауын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге;

Каспий теңізінің қазақстандық секторының көмірсутек ресурстарын ұтымды әрі қауіпсіз игеру жолымен елдің тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етуге және Қазақстан халқының сапалы өмір сүруін жақсартуға жәрдемдесуге;

мұнай-газ кен орындарының ілеспе газын пайдалану арқылы электр энергиясын өндіру жөніндегі жаңа қуаттарды қолданысқа енгізу жөнінде іс-шаралар жүргізуге;
ел өңірлерінің табиғи және сұйық газбен үздіксіз қамтылуын қамтамасыз етуге;
"Ақшабұлақ - Қызылорда" газ құбырын салуды аяқтауға және Қызылорда қаласын газдандыруды қамтамасыз етуге;

елдің энергетикалық тәуелсіздігіне қол жеткізу үшін жағдайлар жасауға;
ғылымның, техника мен технологиялардың қазіргі заманғы бағыттарын дамытуға, жоғары технологиялы әзірлемелерді рынокқа жылжытуға және оларды өнеркәсіптік өндіріске енгізуге, атом және термоядролық энергетика, атом және мұнай-химия өнеркәсібі, геология және жер қойнауын пайдалану, ядролық медицина саласындағы жоғары білікті ғылыми және инженер кадрларды даярлауға жәрдемдесуге;

бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының, Қазақстан аумағындағы ядролық зерттеу және жеделдету кешендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталады.

Бұл міндеттер тиісті бағдарламалардың іс-шараларын қаржыландыру арқылы шешілетін болады.

Каспий теңізінің қазақстандық секторын игеру - ұзақ әрі күрделі жасампаз процесс, бұған едәуір табиғи, техникалық, еңбек және зияткерлік ресурстар тартылады. Мұнда теңіз мұнай-газ операцияларын дамытудың саяси және экономикалық жағдайлары, Каспий жағалауы өңіріндегі жұмыстардың ауқымы және олардың елдің экономикалық өсуіне оң әсері, сондай-ақ табиғи факторлардың жоғары маңызы назарға алынады.

2005 жылы Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасының қараңыз.U101105 іс-шаралары мен жұмыстарының бірінші кезеңі - кешенді игеруге жағдай жасау аяқталады. 2006 және 2007 жылдар екінші кезеңге қатысты болады, мұнда Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің алғашқы мұнай-газ жобалары бойынша көмірсутектерді теңізде өндірудің және экономикалық нәтижелердің өсуі басталады. Бұл ретте теңіз мұнай-газ кешені үшін негізгі отандық тауарлар мен қызметтер көрсетудің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізіледі (теңіз операцияларын жүргізу үшін импорт алмастыру).

Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасының шеңберінде мынадай міндеттерді шешу:

тереңдікте геохимиялық іздеу жүргізіп, жер қойнауын жете геологиялық зерттеу;
өңірлік гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулер;
іздеу, іздеу-бағалау, соның ішінде жаңа мұнай-газ кен орындарын табу, және іздеу-барлау жұмыстары;
минералдық-шикізат базасының және жер қойнауын пайдаланудың мониторингі;
жерасты суларының және қауіпті геологиялық процестердің мониторингі;
геологиялық ақпаратты қалыптастыру;
геологиялық зерттеулерді ақпараттық қамтамасыз ету және ғылыми-техникалық қолдау;

мұнай және өздігінен ағып жатқан гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және тоқтатып қою көзделіп отыр.

"Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамытудың" 2004-2008 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыстар жалғасады.

Қазақстан Республикасының уран өнеркәсібін және атом энергетикасын дамытудың 2002-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес отандық атом энергетикасын жалпы теңгерімді энергетикалық даму саясатының құрамдас бөлігінің бірі ретінде дамытуды негіздеу үшін республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын кешенді зерттеулер жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған: республика аумағын радиоэкологиялық зерттеу және осы салада кешенді мемлекеттік бағдарлама әзірлеу жөніндегі; бұрынғы Семей сынақ полигонының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі; радиоактивті қалдықтарды қайта өңдейтін және көметін объектілерді салу жөніндегі; Қазақстан Республикасының базалық ядролық зерттеу және жеделдету кешендерін жаңғырту жөніндегі, сондай-ақ ядролық жарылыстар мен жер сілкіністерінің тарихи сейсмограммаларының электронды мұрағатын құру жөніндегі жұмыстарды жалғастыруға тиісті қаражат көзделетін болады.

Уран өндіретін кәсіпорындарды консервациялаудың және уран кен орындарын өндірудің салдарларын жоюдың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде уран өндіретін әрекетсіз кәсіпорындарды консервациялауға және уран кен орындарын өндірудің салдарларын жоюға тиісті қаражат көзделеді.

2005 жылы республикалық бюджет есебінен басымды инвестициялық жобаларды: қазақстандық термоядролық "тоқамақ" материалтану реакторын құруды, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ауыр иондарды жеделдетуші базасында пәнаралық ғылыми-зерттеу кешенін құруды, Курчатов қаласында "Ядролық технологиялар орталығы" технопаркін құруды, Ядролық медицина және биофизика орталығын құруды іске асыру жалғастырылады.

Пайдаланылатын және игеруге дайындалатын аз зерттелген әрі шығарып алынуы қиын ресурстық база әлеуетінің ұлғаюын, минералдық шикізатты қолданудың кешенділігін және кен орындарының инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ететін орташа, кіші кен және кен емес орындардың техникалық-технологиялық дайындық деңгейін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында тиісті қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарлама іске асырыла бастайды.

Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау

"Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау" функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2005 жылы ЖІӨ-нің 1,6%-ы, 2006 жылы - 1,6 %-ы және 2007 жылы - 1,5%-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр.

Осы функционалдық топ бойынша 2005-2007 жылдарға арналған шығыстардың негізгі бағыттары:

астықтың ішкі рыногын тұрақтандыру жөніндегі шараларды қабылдау;

отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласын дамыту және машина трактор паркін жаңарту, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге сервистік және техникалық қызмет көрсету жөніндегі құрылым жасау;

ауылда мал шаруашылығы өнімдерін сатып алумен және сатумен айналысатын мамандандырылған пункттер құру;

қолайлы эпизоотиялық және фитосанитарлық ахуалды қамтамасыз ету;

элиталық тұқым шаруашылығы мен асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдау;

ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесін арттыру;

орман және жануарлар әлемін сақтау мен қалпына келтіру үшін жағдайлар жасау;

ауыз судың сапасын және оның қол жетімділігін қамтамасыз ету;

жер қойнауының және қоршаған табиғи ортаның тиісті дәрежеде қорғалуын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық жүйесін құру;

өсімдік шаруашылығындағы сақтандыруды қолдау;

ауыл шаруашылығын институционалдық дамыту;

жер реформасын тереңдету, геодезия мен картографияны дамыту негізінде жер қатынастарын жетілдіру болады.

Осы функционалдық топ шеңберіндегі бюджет қаражатының едәуір үлесі аграрлық өндірісті қайта өрлетуге және дамытуға, ауылдық инфрақұрылымды құруға және ауылдағы тұрмыс деңгейін жоғарылатуға бағытталады.

2005 жылы Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған аграрлық азық-түлік мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аяқталады. Тұтастай алғанда, аграрлық азық-түлік секторын мемлекеттік қолдаудың 2003 жылға арналған аграрлық азық-түлік мемлекеттік бағдарламасында айқындалған шаралары орындалды. Аграрлық азық-түлік саясаты елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, аграрлық бизнестің тиімді жүйесін қалыптастыруға, ауыл шаруашылығы өнімдерін және ішкі әрі сыртқы рыноктарды олардың қайта өңделген өнімдерінің сату көлемін ұлғайтуға, ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік қолдау шараларын оңтайландыруға бағытталған. Елдің ауыл шаруашылығын дамытуға республикалық бюджеттен 2005 жылы қосымша 10 млрд. теңге бөлу көзделіп отыр.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, астықтың экспорттық әлеуетін ұлғайту, отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді мемлекеттік қолдау және астық бағасы демпингінің алдын алу үшін жыл сайын мемлекеттік ресурстарға

белгіленген баға бойынша астық сатып алынады, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге аванс беруге мүмкіндік беретін фьючерстік екі деңгейлі астық сатып алу енгізілді.

Бұл ішкі астық рыногын тұрақтандыру және реттеу, көктем-жаз кезеңінде нан және тоқаш-нан өнімдері бағасының негізсіз қымбаттауына жол бермеу мақсатындағы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің тұқым материалына, мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының жемге қажеттіліктерін тұрақты қамтамасыз етуге және мемлекетаралық келісімдердің орындалуын қамтамасыз етуге арналған кейінгі интервенциялар үшін қажет.

Кедейшілік пен жұмыссыздықты азайту, халықтың кірістері мен тұрмыс деңгейінің өсуі, экономиканың басқа салалары көлемінің өсуін қамтамасыз ету, салық базасын кеңейту және бюджетке түсетін кірістер түсімін ұлғайту ауыл шаруашылығын қолдаудың мультипликативтік әсері болады.

Субсидиялау жолымен шаруашылық жүргізудің қолайсыз әрі тәуекелді жағдайлары мемлекет көмегін ақтайтын ауыл, су шаруашылығын мемлекеттік қолдау көзделіп отыр.

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын және алдағы уақытта Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кіруді ескере отырып, заңды тұлғаларды субсидиялау саясаты еңбек өнімділігін жоғарылатуға және отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Келешекте ДСҰ талаптарына сәйкес еңбек өнімділігін және өнім сапасын арттыруға жәрдемдесу сияқты субсидиялаудың рұқсат етілген нысанына көшуді біртіндеп жүзеге асыру қажет.

Қабылданған аграрлық бағдарламаларды есепке ала отырып, 2005 жылдың соңында ауылдың қалыпты тыныс-тіршілігі, бәсекеге қабілетті өнім өндіру, экспорттық мүмкіндіктердің импортты алмастыруы және өрістеуі үшін қажетті жағдайлар жасау қажет.

Халықты сапалы ауыз сумен одан әрі қамтамасыз етуге және су ресурстарының тапшылығын азайтуға бюджет қаражатын бөлу "Ауыз су" салалық бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады.

Ауыл тұрғындарының тұрмыс деңгейін арттыруға бағытталған Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде орта мерзімді перспективада ауылдық жерлерде сумен жабдықтау объектілерін салуға жыл сайын республикалық бюджеттен 3 млрд. теңгеден қаражат бөлінетін болады.

Қоршаған ортаны қорғау жөнінде тиімді әрі пәрменді шаралар қабылдау үшін қолданыстағы тиісті бағдарламалар шеңберінде қоршаған ортаның ластану деңгейін азайту және мониторингін жетілдіру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Ұзақ мерзімді перспектива шеңберінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысындағы тұрақтылықты дамытуға инвестициялау ресурс үнемдейтін

технологияларды енгізуге, жаңартылып отыратын энергетикалық ресурстар (су энергиясы, жел және күн энергиясы) әлеуетін пайдалануға Қазақстан бекіткен жағдайда Киото хаттамасының тетіктерін пайдалана отырып, парник газының шығарындыларын азайтуға бағытталған жобаларды қаржыландыруға негізделеді.

Өнеркәсіп және құрылыс

"Өнеркәсіп және құрылыс" функционалдық тобы бойынша шығыстар шеңберінде 2005-2007 жылдары биотехнологиялар, ядролық технологиялар саласындағы технопарктерді құру, Алатау кентінде Ақпараттық технологиялар паркін дамыту жөніндегі іс-шаралар қаржыландырылатын болады.

Осы функционалдық топ бойынша 2005-2007 жылдарға арналған шығыстардың бағыттары:

технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерде тікелей инвестициялардың көлемін ұлғайту;

мынадай: мұнай-газ және кен-металлургия кешені, жаңа материалдар, биотехнологиялар, ақпараттық технологиялар, машина жасау, ауыл шаруашылығы, ғарыштық технологиялар басымды бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу;

технологиялық процестерді халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру;

экспортқа бағдарланған өндірістерді одан әрі дамыту;

істеп тұрған кәсіпорындардың жұмысын тұрақтандыру және тұрып қалған кәсіпорындарды іске қосу, өндірістерді өнімнің түр-түрін кеңейтуге және шығарылатын өнім сапасын жақсартуға қайта бағдарлау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

қосылған құны жоғары өнімдерді шығаратын жаңа өндірістерді құру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру, отандық өнімнің бәсекеге қабілетін арттыру;

жақын және алыс шетелдік елдермен бірлескен кәсіпорындар құру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

мемлекеттік сатып алу жүргізу кезінде ұлттық компаниялар, мемлекеттік органдар мен мекемелер сатып алатын өнімдердің республикадағы өндірісін ұйымдастыру болады.

2003 жылы экономика салаларын әртараптандыру және дамудың шикізаттық бағдарынан ауытқу жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізуге бағытталған Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру басталды. Бұл ретте 2003-2005 жылдар кезеңінде дайындық сипатындағы іс-шаралар жүзеге асырылады.

Бұл кезеңде қажетті қосалқы база қалыптасуы және даму институттарының тиімді жұмыс істеуі жолға қойылуы тиіс.

Құрылған даму институттарының жүйелі жұмысын қамтамасыз ету мақсатында жекелеген даму институттарын капиталдандыру жалғастырылады.

Стратегияны іске асырудың дайындық кезеңіндегі шығыстардың маңызды бағыттары бәсекеге қабілеттілік бағыттарын айқындау мақсатында экономика салаларына конъюнктуралық, маркетингтік зерттеулер жүргізу, тиімді инновациялық инфрақұрылым жасау, экономиканың базалық салаларының айналасындағы ғылыми-өндірістік жүйені дамыту болып табылады.

Стратегияны іске асырудың екінші кезеңі (2006-2010 жылдар) Стратегияның іс-шараларын іске асырудың белсенді кезеңіне айналады деп танылуда, бұл ғылым мен техника жетістіктері, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі мамандар даярлау негізінде қуаттарды құру мәселелерін кешенді шешуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңде негізінен ғылыми-инновациялық инфрақұрылым қалыптастырылады және өнеркәсіпті жаңғыртуға және экономика құрылымын әртараптандыруға бағытталған жобалар іске асырыла бастайды.

Сондай-ақ, 2005 жылы металлургиялық кешенде, машина жасауда, радиоэлектроникада және байланыста жоғары технологиялы, импорт алмастыратын және экспортқа бағдарланған өнім өндіруді ғылыми-техникалық қамтамасыз етуге тиісті қаражат бөлу көзделіп отыр.

Көлік және байланыс

"Көлік және байланыс" функционалдық тобы бойынша бюджет шығыстарын 2005 жылы ЖІӨ-нің 1,8 %-ы, 2006-2007 жылдары - 1,9 %-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр.

Көлік және байланыс саласындағы 2005-2007 жылдарға арналған шығыстардың бағыттары:

елдің көлік-транзиттік әлеуетін нығайту мақсатында автомобиль жолдарын дамыту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

темір жол және су көлігі, азаматтық авиация және байланыс саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру;

транзиттік әуе әлеуетін, оның ішінде қазақстандық әуежайларды пайдалану арқылы кеңейту;

темір жол саласын қайта құрылымдау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

көліктік дерекқордың ақпараттық талдамалық жүйесін және қауіпсіздік серпінінің мониторингін жасау;

мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңғырту және жаңарту;

радиожилік спекторы мен радиоэлектронды құралдар мониторингін жасау;

ауылдық байланыс операторларының әмбебап байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі залалдарын өтеу;

телекоммуникациялардың қалалық желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік төлем тарифінің жоғарылауына өтемақы;

почта-жинақтау жүйесін жаңғырту және дамыту болады.

Қазақстан Республикасының ғарыш саласын дамыту шеңберінде ғарыштық технологияларды тиімді пайдалану арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық және ақпараттық қауіпсіздігінің, экономикалық әлеуметтік және ғылыми-техникалық дамуының нығайуына ықпал ететін ғарыш қызметін дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасында ғарыш саласын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленуде.

Қазақстан Республикасының көлік-транзиттік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес республиканың көлік магистралдары бойынша транзиттік және экспорттық-импорттық тасымалдарының көлемін ұлғайту және тиімділігін арттыру үшін Қазақстанның көлік-транзиттік әлеуетін жетілдіруге және ілгерінді дамытуға, сондай-ақ осы шараларды іске асыру жөніндегі іс-әрекеттерді нақтылау мен оларды жүзеге асыру кезеңдерінің орындылығын айқындауға бағытталған қазіргі кезеңде өзекті құқықтық, ұйымдық, техникалық, экономикалық және қаржы сипаттағы бірінші кезектегі шаралар кешені қабылданады.

Осы Бағдарламаның шеңберінде республикалық бюджет шығыстары Солтүстік, Орталық, Батыс және Орта Азия транзиттік дәліздердің автомобиль жолдарын салуға, оңалтуға және қайта жаңартуға, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуге, сондай-ақ ұстауға бағытталады.

Бағдарламада төмендегі негізгі автокөлік дәліздерінде мынадай жұмыс көлемін орындау көзделген:

ОРТАЛЫҚ дәліз, оның ішінде:

Алматы - Бішкек автожолы учаскесін оңалту;

ОРТА АЗИЯ дәлізі, оның ішінде:

Ресей Федерациясының шекарасы - Орал - Ақтөбе, Қарабұтақ - Қызылорда облысының шекарасы автожолы учаскелерін қайта жаңарту;

БАТЫС дәлізі:

Ақтау - Атырау автожолын оңалту;

Атырау - Орал автожолын оңалту;

Қиғаш өзені арқылы өтетін көпір салу;

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ - ШЫҒЫС дәлізі, оның ішінде:

Астана - Қостанай - Челябині автожолын қайта жаңарту;

Астана - Петропавл автожолын қайта жаңарту;

СОЛТҮСТІК дәліз, оның ішінде:

Омбы - Майқапшағай автожолының жекелеген учаскелерін қайта жаңарту.

Бұл Қазақстан Республикасының негізгі көлік дәліздерінде жүк тасу қабілетін және жолаушылар мен жүктерді жеткізу жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді. Тасымалдардың өсуі іскерлік белсенділіктің ұлғаюына, көлік кешенінің отандық кәсіпорындарын жандандыруға, өнімнің соңғы құнындағы көліктік құрамның үлесін азайтуға негіз болады. Бұл, өз кезегінде, елдің мемлекеттік бюджетіне түсімдердің және

зейнетақы қоры мен міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті аударымдардың ұлғаюына алып келеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес автожолдарды жаңғыртуға және салуға 2005 жылы жалпы 55 млрд. теңге көзделіп отыр. Кейінгі жылдары елдің транзиттік-көлік әлеуетін дамытуды тиісті қаржыландыру сақталып қалады.

Бұл салада қолданыстағы жол желілерін ұстап тұру мен жол салу арасындағы теңгерімге қол жеткізу саясатын жүргізу қажет.

Қазақстанның климаттық жағдайларын ескере отырып, автомобиль жолдарын салу мен ұстаудың халықаралық стандарттарына көшу жөніндегі жұмысты жүргізу жоспарлануда.

Мемлекеттің халықаралық талаптарға сай келетін және мемлекет пен азаматтардың сапалы авиациялық қызметтерге деген үдемелі қажеттілігін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін тиімді авиакөлік жүйесін құруға Азаматтық авиация саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасында көзделген іс-шаралар қаржыландырылатын болады.

2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде, жолаушылар тасымалының жүк тасымалынан қаржылық және ұйымдық бөлінуіне байланысты, темір жол көлігінің жұмыс істеуінің мемлекет пен қоғам үшін оңтайлы жүйесіне қол жеткізу үшін республикалық бюджет қаражатының есебінен жолаушылар тасымалын субсидиялау мәселелерін шешу көзделіп отыр.

Ақпараттық-телекоммуникациялық құралдар мен жүйелердің аспаптық-құралдық паркін құру мақсатында жоғары технологиялық, ғылымды қажетсінетін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдардың кең номенклатурасын әзірлеуге, өндірісін ұйымдастыруға және шығаруға бағытталған 2001-2005 жылдарға арналған "Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдарды әзірлеу, жасау және дамыту" атты республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаға сәйкес, 2005 жылы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулерге республикалық бюджеттен тиісті қаражат көзделеді.

2005-2007 жылдары экономика мен қоғам қажеттіліктеріне сай келетін және сыртқы рыноктарға шығуды қамтамасыз ететін коммуникациялардың техникалық жағдайын жақсарту, коммуникациялардың ұтымды желісін қалыптастыру ұйғарылып отыр.

Қазақстан экономикасының телекоммуникациялық секторын одан әрі дамытуға бағытталған, оның негізгі мақсаты жағдайларды жасау және тетіктерді қалыптастыру болып табылатын Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес телекоммуникациялар рыногының ырықтандырылуына байланысты тарифтерді қайта теңгерімдеуді жүзеге асыру және ішкі тоғыспалы субсидиялаудан барлық операторлар

мен мемлекеттің ынтымақтаса қатысуының жалпы ұлттық тетігін құруға көшу жоспарлануда.

Тарифтерді қайта теңгерімдеу қызметтер көрсету мен абоненттер санаттарының арасындағы кросс-субсидиялауды жоюға және телекоммуникациялық рыноктың әрбір секторында бәсекенің пайда болуы үшін экономикалық негіздер жасауға бағытталған. Мұнда тарифтерді мемлекет жалпыға бірдей қол жетімді қызметтер көрсету пакетіне жатқызғандардан басқа, барлық қызметтер көрсетуге қалыпты рентабельділікті қамтамасыз ету деңгейіне дейін жеткізу көзделген.

Тарифтерді кезең-кезеңмен қайта теңгерімдеуді жүзеге асыру және жергілікті телефон байланысының қызметтеріне тарифтерді жиынтығында 40%-дан асырмай жоғарылату жоспарланып отыр. Бұл ретте қалаларда тарифтерді толық қайта теңгерімдеуді жүзеге асыру және оларды нарықтық негізделген деңгейге дейін жеткізу ұйғарылып отыр, бұл операторларға өз шығындарының орнын толтыруға және пайдалылықтың осы нарық сегментіндегі бәсеке нәтижесінде белгіленетін белгілі деңгейін алуға мүмкіндік береді. Ауылдық жерлердегі қайта теңгерімдеу тарифтерінің төмендеуі болжанып отырған қалааралық және халықаралық байланыс қызметтері бойынша жүзеге асырылады. Ауылдағы жеке тұлғалар үшін абоненттік төлем қызметтердің өзіндік құнын ақтамайтын бұрынғы деңгейінде қалады.

Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасы шеңберінде ақпараттандыру және байланыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерге қаражат бөлінеді.

3.4. Бюджеттік кредит беру

Бюджеттік кредит беру саясаты экономика саласында шешімдерді қабылдау рәсімдеріне қойылатын талаптардан туындайды.

2005-2007 жылдарға арналған бюджеттік кредит берудің мақсаттары экономика салаларында бәсекелі ортаны қалыптастыру әрі дамыту, сондай-ақ адами капиталды дамыту болып табылады. Бюджеттік кредит беру мемлекеттік және салалық (секторалдық) даму бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылады және олардың уақыттық шеңберлері болады.

Бюджеттік кредиттер мынадай негізгі бағыттар бойынша беріледі:

инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қаржыландыру;

жоғары кәсіптік білімді мамандарды даярлау;

мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау;

жергілікті атқарушы органдарға, оның ішінде жергілікті бюджеттердің қасалық алшақтығын жабуға кредит беру;

қаржы агенттіктері мәртебесі бар қаржылық даму институттарына кредит ресурстарын беру.

Жүргізілетін сыртқы саясатқа қарай бұдан былай қарыз алушылардың санаттары шетелдік мемлекеттермен толықтырылуы мүмкін.

Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы республикалық бюджеттен инвестициялық жобаларды қаржыландыруға, сондай-ақ кассалық алшақтықты жабуға бюджеттік кредиттер алу нысанында ғана жүзеге асырылатын болады.

Жергілікті атқарушы органдардың кредит саясаты тек мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік даму бағдарламаларын іске асыруға ғана шоғырландырылады. Жергілікті бюджеттерден бюджеттік кредит беру қарыз беруші банктер мен қаржы агенттігі мәртебесі бар қаржылық даму ұйымдары арқылы жүзеге асырылады.

Қаржы агенттіктері мәртебесі бар қаржылық даму ұйымдарына бюджеттік кредит беруді тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда нақты қаржылық даму ұйымына кредит беруге қаражат көздей отырып, осы орайда бұл қаражатты пайдаланудың мақсаттары мен бағыттарын айқындай отырып, кредит ресурстарын беру жолымен жүзеге асырған орынды.

Қаржылық даму ұйымдарының кредит саясатының осы ұйым үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін өзіндік басымдықтары мен шектеулері болады.

Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2005-2006 жылдары 84 млрд. теңге сомасында Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне жеңілдіктермен кредит беру және жергілікті атқарушы органдарға тұрғын үй салуға сыйақының нөлдік ставкасы бойынша бюджеттік кредит беру, сондай-ақ 2007 жылы 2005 жылы кредитке берілетін 42 млрд. теңгені қайта инвестициялау жүзеге асырылатын болады.

Орта мерзімді перспективада кредит қаражатын тиімді пайдалануға, кредиттерді қайтару жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды жоғарылатуға, қарыз алушылардың бюджет алдындағы мерзімі өткен берешектерін азайтуға жәрдем ететін бюджеттік кредит беру рәсімдері мен тетіктерін жетілдіру жалғасатын болады.

3.5. Қаржы активтерімен операциялар

Орта мерзімді перспективада мемлекеттік активтерді басқару саласындағы мемлекеттік саясат экономиканың стратегиялық маңызды салаларын дамытуды, соның ішінде мемлекеттік меншіктің мақсатты әрі тиімді пайдаланылуын бақылау жүйесін қалпына келтіру және күшейту, мемлекеттік меншіктің құрылымын оңтайландыруды жүзеге асыру жолымен реттеуге бағытталған.

Қаржы активтерін сатып алу экономиканың стратегиялық салаларының мемлекет тарапынан елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларды

тиімді дамытуға бағытталған тиісті бақылануын орнату құралдарының бірі болып табылады.

Мемлекеттік меншікке заңды тұлғалардың акцияларын, қатысу үлестерін сатып алу Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады. Жалпы мемлекеттік міндеттерді орындау мақсатында экономиканың стратегиялық салаларында жұмыс істейтін, бірақ меншік иелерін тиімді басқармайтын кәсіпорындардың акциялары, қатысу үлестері, сондай-ақ қоғамдық және әлеуметтік маңызды кәсіпорындардың акциялары, қатысу үлестері сатып алу (иелікке алу) объектілері ретінде танылатын болады.

Халықаралық ұйымдардың бағалы қағаздарын сатып алу қолданыстағы заңдар шеңберінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының мүдделерін халықаралық деңгейде қорғауға бағытталады.

Мемлекеттің қаржы активтері - акциялардың мемлекеттік пакеттерін, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың және мемлекеттік меншіктің өзге де объектілерінің қатысу үлестерін сату - тиісті бағдарламалық құжаттарды іске асыру шеңберінде белгілі бір салалар мен нақты кәсіпорындарға қатысты жекешелендіру мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Республикалық меншіктегі мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден республикалық бюджетке түсетін түсімдердің 2005-2007 жылдарға арналған болжамы жыл сайын шамамен 2 млрд. теңгені құрайды.

3.6 Бюджетаралық қатынастар

Бюджетаралық қатынастар ел өңірлерінің бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейлерін теңестіруге, өңірлердегі орынды экономикалық саясатты ынталандыруға, жергілікті атқарушы органдардың барынша тиімді әрі нәтижелі мемлекеттік қызметтердің біркелкі деңгейін көрсетуін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Орта мерзімді кезеңдегі бюджетаралық қатынастар саясатының негізгі мақсаты мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлеріне бекітіліп берілген мемлекеттік қызметтерді толық көрсетуі және өздеріне жүктелген функцияларды жүзеге асыруы үшін оларды жеткілікті қаржы қаражатымен қамтамасыз ету болып табылады.

Бюджетаралық қатынастар Бюджет кодексінде белгіленген қағидаттарын және түсімдер мен шығыстардың бюджет деңгейлері арасында бөлінуінен бастау алады әрі өзара қатынастардың, ең алдымен, облыс-аудан деңгейіндегі анықтығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге, әрбір басқару деңгейінің дербестігін күшейтуге, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету деңгейін оларды алушыларға жақындатуға бағытталған.

Бюджетаралық қатынастар саясаты мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыс нәтижелерімен үйлестіріледі.

2005 жылдан бастап орталықтың жекелеген функциялар мен өкілеттіктерді жергілікті деңгейге беруіне байланысты вакциналарды, дәрілерді, медициналық жабдықты орталықтандырылған сатып алуға; қан, оның құрамдас бөліктері мен препараттарын өндіруге; мүгедектер мен ардагерлерді оналту мен әлеуметтік қорғауға; кемтар балалар үшін арнайы білім беру бағдарламаларына арналған шығыстар, лицензиялау, бақылау және қадағалау саласындағы функцияларды жүзеге асыру жөніндегі әкімшілік шығыстардың бір бөлігі және тағы басқа шығыстар республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке беріледі.

Сонымен қатар, өрт қызметтерін; жедел құтқару қызметтерін ұстауға; арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды төлеуге; құжаттандыру жұмыстарын жүзеге асыруға арналған шығыстар жергілікті бюджеттен республикалық бюджетке беріледі.

Селолық, кенттік, қалалық (аудандық маңызы бар), қалалардағы аудандық басқару деңгейлерінің дербестігін кеңейту үшін қазынашылық органдарында жоғарыда аталған басқару буындарына арналған шоттар аша отырып, олардың шығыстарын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің аппараттары әкімшілері болып табылатын бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландыруға көшу қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік басқарудың төменгі буыны әкімдерінің аппараттарын құру және нығайту үшін 2005 жылдан бастап жергілікті бюджеттердің шығыстарын 2,9 млрд. теңгеге ұлғайту көзделіп отыр.

Бюджет кодексіне сәйкес бюджетаралық қатынастар ресми трансферттер мен бюджеттік кредиттер арқылы, облыстық және аудандық бюджеттер арасында, сондай-ақ кірістерді бөлу нормативтерімен реттелетін болады. Ресми трансферттер жалпы сипаттағы ресми трансферттер, ағымдағы мақсатты трансферттер, дамуға мақсатты трансферттер болып бөлінеді.

Бюджетаралық қатынастарды реттеу нысандарын айқындау кезінде әрбір бюджет деңгейінің салықтық әлеуеті, нормативтік құқықтық актілер негізіндегі өңірлердің объективті бюджеттік қажеттіліктерін бағалау нәтижелері, бекітілген заттай нормалар ескерілетін болады.

Аумақтардың экономикалық дамуының тым күшті саралануы салдарынан кіріс базасының өңірлер арасында біркелкі бөлінбеуіне байланысты халықтың мемлекеттік сектордың қызметтер көрсетуіне тең қол жеткізуіне жету үшін бюджеттік субвенциялар мен бюджеттік алып қоюларды қамтитын жалпы сипаттағы бюджетаралық трансферттердің мөлшерлерін бекіту негізінде өңірлердің бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейін теңестіру саясаты жүргізіледі.

Бюджеттік субвенциялар мен алып қоюлардың көлемі абсолюттік көріністе орта мерзімді (үш жылдық) кезеңге арналып бекітіледі және әр үш жыл сайын өзгертілуі тиіс.

Орта мерзімді кезеңге арналған субвенциялар мен алып қоюлардың мөлшерін бекіту тұрақтылығы жергілікті атқарушы органдардың салық әлеуетін ұлғайтуға

мүдделілігін, жергілікті бюджеттердің шығыстарын жоспарлаудың анықтығын қамтамасыз етеді. Жергілікті атқарушы органдар республикалық бюджет жобасының жасалуын күтпей, жергілікті бюджет жобасын қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемін айқындау Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын жалпы сипаттағы ресми трансферттерді есептеу әдістемесінің негізінде жүргізіледі.

Бұл ретте:

Бюджет кодексіне сәйкес кірістер мен шығыстарды бюджет деңгейлерінің арасында бөлу;

жоспарланып отырған кезеңде қолданысқа енгізілетін және жергілікті бюджеттердің түсімдері мен шығыстарының ұлғаюын немесе қысқаруын көздейтін нормативтік құқықтық актілердің ережелері;

жалпы сипаттағы бюджетаралық трансферттердің мөлшерін айқындау кезінде ескерілетін басқа да факторлар ескеріледі.

Білім беру, денсаулық сақтау, ауыз сумен қамтамасыз ету объектілерін салу және қайта жаңарту мен тұрғын үй салу орта мерзімді кезеңге арналған бюджеттік даму бағдарламаларының өңірлік тұрғыдағы басым бағыттары болады.

Бұл ретте, облыстардың бюджеттік даму бағдарламаларының жалпы сипаттағы бюджетаралық трансферттердің мөлшерін айқындау мақсаттары үшін ескерілетін болжамды көлемі тиісті жылға арналған ағымдағы бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру үшін көзделетін жергілікті бюджет шығындарының болжамды көлемінің 8-10% ара қатынасында айқындалады.

Жалпы сипаттағы ресми трансферттердің үш жылдық көлемінің әрекет ету кезеңінде мақсатты ағымдағы трансферттер бюджетаралық қатынастарды реттеу құралы болады.

Алдағы кезеңде төмен тұрған бюджеттерге қосымша функциялардың тиісті өтемақысыз жүктелуіне жол бермеу қағидаты қатаң сақталады.

Осыған байланысты жоғары тұрған органдар жалпы сипаттағы ресми трансферттердің үш жылдық көлемінің әрекет ету кезеңінде жергілікті бюджеттер шығыстарының ұлғаюына немесе кірістерінің азаюына әкеп соғатын нормативтік құқықтық актілерді қабылдаған жағдайда, төмен тұрған бюджеттердің шығасыларын өтеу мақсаты ағымдағы трансферттерді бөлу жолымен жүргізіледі.

Бұдан басқа, 2005-2007 жылдары Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтауды реформалаудың және дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған және Білім беруді дамытудың 2010 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге телекоммуникация салаларының

ырықтандырылуымен байланысты телефон үшін абоненттік төлемнің өсуін өтеуге, темір жол жолаушылар тасымалын субсидиялауға және т.б. мақсатты ағымдағы трансферттер бөлу көзделіп отыр.

Дамуға арналған мақсатты трансферттер:

республикалық бюджеттен - мынадай мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламаларда: Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтауды реформалаудың және дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, Білім беруді дамытудың 2010 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында, Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасында, Арал проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламада және басқаларда көзделген жергілікті инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыру үшін;

облыстық бюджеттен - өңірлік бағдарламаларда көзделген жергілікті инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыру үшін бөлінеді.

Бұл ретте төмен тұрған бюджеттерге дамуға арналған мақсатты трансферттер беру, олардың көлемі өңірлердің білім беру мен денсаулық сақтаудың басымды мекемелері желісімен, сумен жабдықтау қызметтерінің көрсетілуімен қамтамасыз етілу деңгейін теңестіру міндеттерімен өзара байланысты болады.

Мақсатты трансферттерді тек мақсатты бағытына сәйкес пайдалану мүмкіндігіне байланысты, оларды пайдалану тиімділігін бақылауды күшейтуге ерекше назар аударылатын болады.

3.7. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқару

2005-2007 жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш саласындағы саясаты мынадай екі бағытта іске асырылатын болады:

- 1) ЖІӨ-ге пайыздық қатынастағы үкіметтік борыш мөлшерін дәйекті қысқарту;
 - 2) үкіметтік борыш құрылымындағы сыртқы борыш үлесін біртіндеп азайту.
1. ЖІӨ-ге пайыздың қатынастағы үкіметтік борыш мөлшерін дәйекті қысқарту.

Бұған, атап айтқанда, ЖІӨ-ге пайыздық қатынастағы республикалық бюджет тапшылығының мөлшерін және тиісінше оны қаржыландыруды біртіндеп қысқарту нәтижесінде қол жеткізілетін болады.

Экономикалық өсу жағдайларында, әсіресе табиғи ресурстардың бір бөлігін қаржы активтеріне айырбастауға ұмтылушы елдер үшін экономиканың "тым қызып кетуін"

болдырмау мақсатында бюджет тапшылығы мен мемлекеттік борыш мөлшерін қысқартудың орынды екендігіне әлемдік тәжірибе куә. Мысалы, 1995 жыл соңындағы жағдай бойынша Норвегияның мемлекеттік борышы шамамен 43,5 млрд. АҚШ долларын құрады. Алайда, бюджет профицитінің мақсатты бағытталу саясатын жүргізу нәтижесінде 2000 жылдың аяғында мемлекеттік борыш 30,4 млрд. АҚШ долларға дейін қысқарды. Бұл ретте, экономиканың "тым қызып кетуін" болдырмау мақсатында мемлекеттік борышты қысқарту саясатымен бір мезгілде мұнай өнімдерін сатудан түскен қаражаттың жоспардан тыс түсімдерін Мұнай қорында жинақтау жүргізілді. Қор 1990 жылы мұнай бағалары өсуінің құбылуына байланысты құрылған болатын, Қорға алғаш түскен түсімдер 1996 жылы шамамен 300 млн. АҚШ долларын құрады. 2002 жылдың соңындағы жағдай бойынша Мұнай қорының активтері 91,3 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл елдің мемлекеттік бюджетінен (2002 жылы шамамен 77 млрд. АҚШ доллары) асып түсті.

Нәтижесінде 3-5 жыл ішінде Норвегия үкіметтік борыш мөлшерін едәуір қысқартуға қол жеткізді. Бұл ретте, Мұнай қорында жинақталған қаражат Үкіметтің қабылданған міндеттемелерін орындау қабілетіне кепілдік береді және дефолттың басталу мүмкіндігін болдырмайды, өйткені қазіргі уақытта елдің мемлекеттік борышы Мұнай қоры мөлшерінің кемінде 45%-ын құрайды (2002 жылдың соңындағы жағдай бойынша Норвегияның мемлекеттік борышы 2001-2002 жылдар кезеңінде негізінен АҚШ долларына норвегия кроны бағамының нығаюы нәтижесінде доллар көрінісінде ұлғая отырып, 39,3 млрд. АҚШ долларын құрады).

Сонымен қатар, біздің елде қалыптасқан жағдай бойынша Қазақстан Республикасы бір жағынан, Ұлттық қор арқылы әлемдік қор рыноктары мен несиелік капитал рыноктарына қаржы ресурстарын инвестициялайды, ал екінші жағынан сыртқы қарыздарды тартады. Бұл ретте тартылған қарыздарға қызмет көрсетуге арналған шығыстар Ұлттық қор активтерін түрлі қаржы құралдарына орналастырудан түскен кірістерден асып түседі, бұл сайып келгенде жүргізілетін қарсы операциялар бойынша теріс маржаны қалыптастырады. Ел нетто-кредитор болып отырған шақта, мұндай практиканы жалғастыруға жол бермеу керек. Ұлттық қор активтерімен жасалатын операциялардан алынатын кірістер сомасы осы уақыт кезеңіндегі үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстар сомасынан артық болуы тиіс. Бұл шартты орындау үшін үкіметтік борыш пен бюджет тапшылығының мөлшерін қысқарту қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышының деңгейі асып түсуі елдің дамуына қауіп туғызатын шектен шықпайды. Халықаралық ұйымдардың бағалауы бойынша Қазақстан Республикасы қалыпты борыш деңгейі бар және бір тұрғынға орташа кіріс деңгейі бар елдер тобына жатады. Қазақстан Республикасының үкіметтік және мемлекет кепілдік берген

борышының көрсеткіштері 1992 жылғы 7 ақпандағы Маастрихск келісім-шартында ЕО елдері үшін белгіленген мемлекеттік борыш жөніндегі макроэкономикалық көрсеткіштер өлшемдерінен аспайды:

Көрсеткіштің атауы | Қазақстан | ЕО елдері үшін өлшемдер

Үкіметтік борыштың ЖІӨ-ге қатынасы, % 13,7 60

Сыртқы үкіметтік борыш көлемінің тауарлар мен қызметтер көрсету экспортына қатынасы, % 23,8 200

Сыртқы үкіметтік борышты өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі төлемдердің жалпы сомасының экспортқа қатынасы (қызмет көрсету нормасы), % 2,33 15-20

Сыртқы үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борыш көлемінің ЖІӨ-ге қатынасы, % 11,9

Мемлекеттің борышты азайту саясатына бейімділігі Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін арттыруға жәрдем етеді.

Сонымен қатар, мұнайға әлемдік баға төмендеген және елдегі экономикалық ахуал нашарлаған жағдайда экономикалық өсуді ынталандыру мақсатында қосымша инвестициялар тарту арқылы бюджет тапшылығын ұлғайтуға қайта бағдарлануға болады.

Бұдан әрі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының орта мерзімді Тұжырымдамасы қабылданғаннан кейін республикалық бюджет тапшылығы мен үкіметтік борыш параметрлерін айқындау жүргізіліп жатқан жинақтау саясатын ескере отырып, бюджеттің қалыптасып отырған мұнайдан тыс тапшылығының мөлшері негізінде жүзеге асырылады.

2. Республикалық бюджет тапшылығын қаржыландырудың жалпы құрылымындағы сыртқы қарыздар есебінен республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру үлесін азайту жолымен үкіметтік борыш құрылымындағы сыртқы борыш үлесін біртіндеп азайту.

2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы борышының үлесі Үкіметтік борыштың жалпы көлемінің 72,7 %-ын құрады. Борыштық портфельдің мұндай құрылымы дағдарыстың және валюталар бағамының,

энергия көздеріне пайыздық ставкалар мен әлемдік бағамдардың ауытқуы нәтижесінде қаржы шығасыларының пайда болу тәуекеліне едәуір бейім және осы көзқарас тұрғысынан алғанда осал, экономикалық қауіпсіздіктің өлшемдеріне сәйкес келмейтін болып табылады. Үкіметтің борыштық портфелін әртараптандыру мақсатында бір мезгілде ішкі рыноктағы қарыз алуды ұлғайта отырып, сыртқы қарыз алу көлемін қысқарту қажет.

Ішкі қарыз алу көлемін ұлғайту зейнетақы активтерін орналастыру үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына сенімді әрі өтімді қаржы құралдарын (мемлекеттік бағалы қағаздарды) беру қажеттігімен байланысты.

Қазіргі уақытта бағалы қағаздар рыногын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасының жобасы әзірленді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізілді, мұнда зейнетақы қорларының, соның ішінде, зейнетақы активтерінің кірістілігі мен рыноктағы қаржы құралдарының тапшылығын азайту проблемаларының шешімдері айқындалған. Аталған проблемаларды шешу 1 жылдан 30 жылға дейінгі әртүрлі өтеу мерзімдері бар және кірістілігі инфляцияның болжамды деңгейінен төмен емес немесе инфляция деңгейіне байланысты мемлекеттік бағалы қағаздар (бұдан әрі - МБҚ) шығаруды жүзеге асыру жолымен елдің ішкі рыногындағы ұзақ мерзімді мемлекеттік қарыз алудың Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ұлттық банкі арасында келісілген саясатын тұжырымдау арқылы іске асырылады.

2005-2007 жылдары мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш саласында жүргізіліп жатқан саясат шеңберінде мынадай міндеттерді шешу көзделеді (бағыттар бойынша):

1) бюджет тапшылығы мен борыш параметрлері:

жинақтау жөніндегі саясат шеңберінде үкіметтік борыштың оңтайлы мөлшерін анықтау;

ЖІӨ-ге пайыздық қатынасы үкіметтік борыш мөлшеріне және орта мерзімді перспективада бюджет теңгерімділігіне қол жеткізуге негізделі отырып, республикалық бюджет тапшылығының параметрлерін айқындау;

2) ішкі қарыз алу:

жылдар және қағаз түрлері бойынша бөліністегі мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының орта мерзімді кезеңге арналған үлгі тәсімін жасау;

ішкі қарыздарды тарту мерзімдеріне қарай түрлі қарыз алу құралдарын пайдалану;
рыноктағы ахуалға байланысты қарыз алудың жалпы көлеміндегі индекстелген және купондық міндеттемелер арасындағы оңтайлы ара қатынасты белгілеу жолымен пайыздық тәуекелдерді азайту;

бағалы қағаздар рыногында ("benchmark") бағдарларын белгілеу;

жалпы шығару санын азайта отырып, мемлекеттік бағалы қағаздар шығару көлемін ұлғайту;

айналым мерзімін ұлғайта отырып, пайыздарды төлеудің мерзімділігін азайту;

міндеттемелердің орындалмау тәуекелін азайту әрі қысқа және орта мерзімді перспективада ішкі үкіметтік борышты өтеу жөніндегі төлемдер төлеудің ең жоғары шегін төмендету, бұл үшін, негізінен орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығаруға қайта бағдарлану ұйғарылып отыр. 2003 жылғы қыркүйекте 6,44 % және 6,48 % жылдық ставкалары бойынша 1,0 және 1,2 млрд. теңге көлемінде айналым мерзімі 10 жылдық орта мерзімді қазынашылық облигацияларды шығару тиісінше айналым мерзімі 10 жыл және одан да көп мемлекеттік бағалы қағаздарды институционалдық инвесторлардың Үкімет үшін қолайлы сыйақы ставкасы бойынша сатып алуға әзірлігін растады;

3) сырттан қарыз алу:

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына, Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасына, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарына, тиісті орта мерзімді кезеңге арналған донор - халықаралық қаржы ұйымдарының елдік бағдарламаларына сәйкес, Қазақстан Республикасын дамытудың стратегиялық маңызды мәселелерін шешуге бағытталған инвестициялық жобаларды қаржыландыруға сырттан қарыздарды тарту;

экономиканың басым салаларында, оның ішінде:

- ауыл, су және орман шаруашылығында;
- жол саласында;
- өндірістік инфрақұрылымды дамыту үшін;
- астананы одан әрі дамыту үшін сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын жаңа инвестициялық жобаларды дайындау;

жаңа жобаларды іріктеуге және Қазақстанның Даму Банкінің қайтарымды негізде қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың банктік сараптамасын жүзеге асыруына қойылатын талаптарды күшейту;

республикалық инвестициялық жобалар тізбесіне қосылатын жобалардың дайындалу және сарапталу сапасын жақсартуда көрінетін қарыз қаражатын тиімді пайдалану;

теңгенің айырбас бағамы өзгерген жағдайда келеңсіз салдарларды азайту мақсатында қарыздардың валюталары бойынша Үкіметтің сыртқы қарыздар портфелін әртараптандыру;

бір мезгілде Үкіметтің бірлесіп қаржыландыру үлесін ұлғайта отырып, сатып алу рәсімдері бойынша шектеулерді донорлардың жұмсартуы шартымен инвестициялық жобаларды қаржыландыруға сырттан қарыздарды тарту;

4) борышты өтеу және оған қызмет көрсету:

үкіметтік қарыздарға қызмет көрсетуде неғұрлым қымбаттарын мерзімінен бұрын өтеу арқылы үкіметтік борышты белсенді басқару;

жергілікті атқарушы органдардың мерзімі өткен борыштық міндеттемелерді өтеу жөнінде және реттелмеген борыштық міндеттемелер проблемаларын тез арада шешу жөнінде белсенді шаралар қабылдауы;

фискалдық тәуекелдерді болжау - АҚШ долларына теңгенің айырбас бағамының, шетел валюталарының кросс-бағамдарының, пайыздық ставкалардың өзгеруі, әлемдік бағалар конъюнктурасының өзгеруі салдарынан Ұлттық қорға қаражаттың жеткіліксіз түсуі.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мемлекеттік борыштың қауіпсіз деңгейде сақталуын қамтамасыз етуі, оның құрылымын оңтайландыруы әрі орта және ұзақ мерзімді перспективада бюджеттің тұрақтылығын жоғарылатуы тиіс. Болжамды деректер бойынша 2007 жылы Ұлттық қор активтері үкіметтік борыш көлемінен асып түседі.

Үкіметтік борыш мөлшерінің азаюы, үкіметтік сыртқы борыштың әртараптануы және Ұлттық қор активтерінің ұлғаюы сайып келгенде болашақ ұрпақ үшін борыш ауыртпалығын азайтуға алып келеді.

4. Фискалдық тәуекелдер

Қазақстан Республикасының экономикасы бағалық өзгерістердің ішкі саясат құралдарымен бақылануы мүмкін емес үш түрі:

- әлемдік тауар бағаларының ауытқуы;
- валюта бағамдарының ауытқуы;
- әлемдік ақша рыноктарындағы пайыздық ставкалардың ауытқуы тудыратын қауіптерге бейім.

Бұл:

- ел өндірісі құрылымының айтарлықтай көлемін сыртқы рынокқа шығарылатын шикізаттық тауарлардың, ең алдымен мұнайдың алуымен;
- Қазақстанның сыртқы борышының әртүрлі валюталарда болуымен;
- құбылмалы пайыздық ставка жағдайларында жасалған міндеттемелердің борыштың едәуір бөлігін құрайтынымен негізделген.

Әлемдік тауар бағаларының тәуекелдері (мұнай бағаларының негізінде).

Мұнай бағаларының төмен болуы да, жоғары болуы да Қазақстан экономикасы үшін келеңсіз салдарларды тудыруы мүмкін.

Мұнайдың әлемдік бағасы бір баррель үшін 19 АҚШ долларынан төмен азайған жағдайда, тасымалдауға арналған шығындарды есепке алғанда, жекелеген кен орындарында мұнай өндіру рентабельді болмайды, бұл мұнай өндіру көлемін азайтуға алып келеді. Қазақстандағы шетелдік капиталдың басым бағыты өндіруші сектор болып табылатындықтан, энергия көздерінің төмен бағалары елдің инвестициялық тартымдылығын азайтады.

Мұнай өндіруші кәсіпорындар кірістілігінің азаюы экономиканың аралас салаларындағы өндіріс көлемін азайтуға алып келеді. Атап айтқанда, бұл көлік, сауда, байланыс салаларындағы қаржы секторының қызметтері саласындағы өсу қарқындарына әсер етеді. Осылайша, ел экономикасының жалпы өнімділігі төмендейді, бұл, сайып келгенде, инфляциялық процестердің күшеюіне және мемлекеттік бюджет кірістерінің азаюына алып келеді.

Мұнайдың жоғары әлемдік бағалары жағдайында теңгенің нақты айырбас бағамын күшейту жағына едәуір қысым көрсетіледі. Қазақстанда өзінің ұлттық валютасында жоғары кірістер алу мүмкіндігін иеленетін импорттаушылар үшін қазақстандық рынок аса тартымды болады. Бір мезгілде қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі төмендейді, жұмыс орындары айтарлықтай қысқарады.

Қолма-қол ақшаның едәуір ағыны нәтижесінде инфляцияның монетарлық факторлары күшейеді.

Валюталық тәуекелдер

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының сыртқы қарыз алуының валюталық құрылымы АҚШ долларын, АҚК-ты, жапон йенін, Евроны (неміс маркасындағы, австрия шиллингіндегі бұрынғы борыштарды қоса алғанда), швейцария франкін, ағылшын фунт стерлингін, сауд реалын және өзге де валюталарды қамтиды. Соның салдарынан доллар көрінісіндегі борышқа қызмет көрсету жөніндегі төлемдер мөлшері кросс - бағамдарының (АҚШ долларына қатысы бағамдардың) өзгеруіне өте бейім.

(суретті қағаз мәтінінен қараңыз)

Үкіметтік сыртқы борыштың валюталық құрылымы жеткілікті дәрежеде әртараптандырылмағанын атап өткен жөн. 2004 жылғы 1 қаңтарға АҚШ долларының үлес салмағы 76,5 %-ды құрады, жапон йені - 19,5 %, арнайы қарыз алу құқықтары (АҚК) - 1,7 %, евро - 0,9%, өзгелері -1,3 %.

Пайыздық тәуекелдер

Қазақстан Республикасына халықаралық қаржы ұйымдары кредиттерінің және экспорттық кредиттердің едәуір бөлігі құбылмалы пайыздық ставка (LIBOR, халықаралық қаржы ұйымдарының ставкалары) шарттарымен берілген. Абсолюттік көрсеткіштер тұрғысынан алғанда пайыздық ставкалардың өзгеруіне байланысты тәуекелге бейімділік зор: базалық пайыздық ставканың бір тармаққа өзгеруі қысқа мерзімдіні қоса алғанда, борышқа қызмет көрсету жөніндегі төлемдердің өзгеруін білдіреді. Сондықтан, егер нарық жағдайларында сыртқы қаржыландыруға тәуелділік ұлғаятын болса, сыртқы берешектің жағдайы пайыздық ставкалардың өзгеруімен байланысты үлкен тәуекелге ұшырауы мүмкін.

Қазіргі уақытта бар, тұрақты экономикалық өсуге және маңызды стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге кедергі келтіретін тәуекелдерді ішкі факторларға жатқызуға болады. Бұл тәуекелдер мыналардан:

1) белсенді жаңартуға, сондай-ақ оған қызмет көрсету үшін жоғары білікті мамандар даярлауға қомақты инвестициялар талап етілетін табиғи тозған және моральдық ескірген жабдықтың экономикада басым болуынан;

2) негізгі өнім массасының әсіресе өндіріс құралдарының бәсекеге қабілеттілігінің төмендігінен;

3) тауарлар мен қызметтер көрсетудің ішкі рыногында жеткілікті бәсекенің болмауынан көрінеді.

Ұлттық қорда қаражат жинақтаудың және оларды елден тыс жерлерде орналастырудың, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқарудың мемлекеттік саясаты, Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы фискалдық тәуекелдердің ықтимал келеңсіз салдарларының алдын алуға бағытталған.

Қорытынды

Тоқсаныншы жылдардың басынан бері мемлекеттік қаржы саласындағы реформалар және, бірінші кезекте, Қазақстан Республикасында бюджет жүйесін дамыту терең құрылымдық қайта құрылулар аясында өтті. Бұл жағдайларда елдің қаржы органдарының алдында тұрған негізгі міндеті - халық мұқтаждығын және мемлекеттік қызметтер мен функциялардың сапалы орындалуын барынша жоғары дәрежеде қамтамасыз ететін анық, тиімді әрі тұрақты бюджетке қол жеткізуді назардан тыс қалдырмау маңызды болды.

Ел экономикасының қазіргі көрсеткіштері Қазақстанның соңғы жылдары сапалық өсуге қол жеткізгенін ризашылықпен атап өтуге мүмкіндік береді. Мұнда бюджет жүйесін жетілдіру бойынша үнемі жүргізілетін жұмыстың атқарған рөлі ерекше.

Қазақстандағы қазіргі бюджет процесін ұйымдастырудың жетістіктеріне нені жатқызуға болады? Бұл - ең алдымен, саяси және экономикалық ақиқаттармен келісілген жауапты бюджет саясаты. Бюджет болашақ нәтижелерінің болжамы мен тиімділігінің бағалауы бар, мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік міндеттерін ағымдағы жылы ғана емес орта мерзімді перспективада да орындауға бағытталған тұтас құжат ретінде қарала бастады. Осылайша, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету тұрғысынан да, ресурстарды қайта бөлу тұрғысынан да Орта мерзімді фискалдық саясаттың мемлекет экономикасын басқарудың салмақты құралына айналуының объективті алғышарттары бар.

Орта мерзімді фискалдық саясат мемлекеттік органдардың өз қызметін жүзеге асыруының бағдарына айналуы тиіс, сондай-ақ іскер топтар мен қалың бұқараны мемлекет саясатымен таныстыруға арналған.

Келешекте 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаттың рөлін осы құжатты әзірлеу кезінде алға қойылған мақсаттардың:

Үкіметтің фискалдық стратегиясы мен оның ағымдағы және болашақ мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі жоспарларын белгілеудің;

қолда бар ресурстардың алдағы үш жылдық кезеңге арналған көлемін айқындаудың ;

шектеулі бюджет ресурстарын стратегиялық басымдықтарға бөлу жөнінде шешімдер қабылдауды жандандырудың;

мемлекеттік органдарға алдын ала жоспарлауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін неғұрлым болжамды қаржыландыруды қамтамасыз етудің;

бюджет процесінің тиімділігі мен анықтығын арттырудың;

бюджет процесінің сабақтастығын қамтамасыз етудің және фискалдық тәртіпті арттырудың қаншалықты орындалғаны бойынша бағалауға болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005-2007 жылдарға арналған орта
мерзімді фискалдық саясатына
қосымша

2004-2007 жылдардағы мемлекеттік бюджеттің шығыстары ¹

Атауы	2005 жыл болжам	2006 жыл болжам	2007 жыл болжам
-------	-----------------	-----------------	-----------------

----- ----- -----

ЖІӨ-ге үлес, % ЖІӨ-ге үлес, % ЖІӨ-ге үлес, %
--

%-бен %-бен %-бен

Шығыстар	26,0	100,0	24,7	100,0	24,9	100,0
----------	------	-------	------	-------	------	-------

Жалпы сипаттағы	1,5	5,9	1,5	6,0	1,5	6,1
-----------------	-----	-----	-----	-----	-----	-----

мемлекеттік

қызметтер көрсету

Қорғаныс	1,2	4,7	1,2	5,0	1,5	5,9
----------	-----	-----	-----	-----	-----	-----

Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	2,3	8,7	2,2	8,9	2,2	9,0
----------------------------------	-----	-----	-----	-----	-----	-----

және қауіпсіздік

Білім беру	3,6	14,0	3,6	14,8	4,0	15,9
------------	-----	------	-----	------	-----	------

Денсаулық сақтау	2,8	10,9	2,9	11,6	3,0	11,8
------------------	-----	------	-----	------	-----	------

Әлеуметтік қамсыз. дандыру және әлеуметтік көмек	5,3	20,4	5,3	21,3	5,2	21,0
--	-----	------	-----	------	-----	------

дандыру және

әлеуметтік көмек

Тұрғын үй-комму. налдық шаруашылығы	1,7	6,7	1,6	6,6	1,6	6,6
-------------------------------------	-----	-----	-----	-----	-----	-----

налдық шаруашылығы

Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	0,8	3,1	0,7	3,0	0,7	2,8
--	-----	-----	-----	-----	-----	-----

туризм және ақпа.

раттық кеңістік

Отын-энергетикалық	0,5	1,9	0,2	0,9	0,1	0,6
--------------------	-----	-----	-----	-----	-----	-----

кешен және жер
қойнауын пайдалану
Ауыл, су, орман, 1,6 6,2 1,6 6,5 1,5 6,1
балық шаруашылығы
және қоршаған
ортаны қорғау
Өнеркәсіп және 0,0 0,1 0,0 0,1 0,0 0,1
құрылыс
Көлік және байланыс 1,8 7,1 1,9 7,8 1,9 7,5
Өзгелер 1,9 7,2 1,1 4,5 1,0 4,0
Борышқа қызмет 0,6 2,3 0,6 2,4 0,5 2,1
көрсету
Ресми трансферттер 0,2 0,8 0,2 0,7 0,2 0,7

¹ Бюджет тапшылығын қаржыландыруға арналған шығыстарды ескермегенде

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 - 2007 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясатын нақтылау

Ескерту. 5-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 333 қаулысымен

2004 жылы мемлекеттік бюджетті атқару қорытындылары, 2005 - 2007 жылдарға арналған аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштерді нақтылау және Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпанда Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының бірлескен мәжілісінде "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына арнаған Жолдаумен сөз сөйлеуі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 - 2007 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясатын (бұдан әрі - бекітілген орта мерзімді фискалдық саясат) нақтылауға негіз болды.

Бұдан басқа, "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Парламентінде қараған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің фискалдық саясатына және аталған заң жобасына өзгерістер енгізілді.

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Бюджет кодексінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 - 2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары мен 2 және 3-бөлімдерде берілген бекітілген орта мерзімді фискалдық саясат негізінде әзірленді.

2005 жылға арналған республикалық бюджет жобасының өлшемдері: түсімдер - 1135,8 млрд. теңге (ЖІӨ-ге 19,4 %), шығыстар - 1223,6 млрд. теңге (ЖІӨ-ге 20,9 %) құрады. Тапшылық 87,8 млрд. теңге немесе ЖІӨ-нің болжамды деңгейіне 1,5 % (5 850 млрд. теңге) мөлшерінде жоспарланды.

Қазақстан Республикасының Парламентінде 2005 жылға арналған республикалық бюджет жобасын қарау нәтижесінде салық заңнамасына корпорациялық табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша енгізілген өзгерістер есебінен кіріс бөлігі 5,055 млрд. теңгеге ұлғайтылды.

Республикалық бюджет тапшылығы 13,7 млрд. теңгеге ұлғайтылды және 101,4 млрд. теңге немесе ЖІӨ-ге 1,7 % құрады.

Бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту жекелеген шығыс түрлерін қысқарту, сондай-ақ бюджет тапшылығын ұлғайту есебінен түскен қаржы қаражатының қосымша көлемі:

Алматы қаласындағы білім беру және денсаулық сақтау объектілерінің сейсмостұрақтылығын күшейтуге;

тыл еңбеккерлерінің арнайы мемлекеттік жәрдемақыларын 1 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтуға;

ауылдық елді мекендердің ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға;

білім беру объектілерін салуға;

Астана қаласында көлік инфрақұрылымын дамытуға;

Оңтүстік Қазақстан тұтынушыларын энергиямен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз етуге жіберілді.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 13,2 млрд. теңге мемлекетаралық инвестициялық банк құруға жіберілді. Банктің жарғылық капиталына Қазақстан Республикасының қатысуы банкке қатысушы мемлекеттердің рыноктық экономикасының қалыптасуына және дамуына, экономикалық өсуге және инвестициялық қызметті жүзеге асыру жолымен өзара сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге ықпал ететін болады.

Тұтастай алғанда, бюджет жобасының шығыс бөлігі (шығындар және қаржы активтерін сатып алу) 18,7 млрд. теңгеге ұлғайтылды.

Бюджет кодексіне сәйкес 2005 жылға арналған республикалық бюджет жаңа бюджет құрылымы бойынша қалыптастырылды және мынадай көлемде бекітілді:

1) кірістер - 1128,4 млрд. теңге немесе ЖІӨ-ге 19,3 %, оның ішінде салықтық түсімдер - 984,2 млрд. теңге;

2) шығындар - 1089,5 млрд. теңге немесе ЖІӨ-ге 18,6%;

3) операциялық сальдо (кірістер мен шығындар арасындағы айырма) - 39,0 млрд. теңге;

4) таза бюджеттік кредит беру - 54,1 млрд. теңге;

5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 86,3 млрд. теңге;

б) бюджет тапшылығы - 101,4 млрд. теңге немесе ЖІӨ-ге 1,7%.

6-кестеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 920 қаулысымен Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына ұсынылған 2005 жылға арналған республикалық бюджет жобасының, "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген 2005 жылға арналған республикалық бюджеттің негізгі өлшемдері және Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған бюджет жобасына түзетулер келтірілген.

6-кесте

2005 жылға арналған бекітілген республикалық бюджет

Атауы	2004 жылғы 31 тамызда Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілген республикалық бюджет жобасы		"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсан- дағы ҚРЗ		бюджет жоба- сына түзе- тулер млрд. теңге
	млрд. теңге	ЖІӨ-ге %-бен	млрд. теңге	ЖІӨ-ге %-бен	

Кірістер 1123,4 19,2 1128,4 19,3 5,1
 Салықтық түсімдер 979,2 16,7 984,2 16,8 5,0
 Салықтық емес түсімдер 36,9 0,6 37,0 0,6 0,1
 Шығындар 1075,5 18,4 1089,5 18,6 13,9
 Операциялық сальдо 47,9 0,8 39,0 0,7 -8,9
 Таза бюджеттік кредит беру 54,1 0,9 54,1 0,9
 Бюджеттік кредиттер 64,5 1,1 64,5 1,1
 Бюджеттік кредиттерді өтеу 10,4 0,2 10,4 0,2
 Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо
 Қаржы активтерін сатып алу 83,5 1,4 88,3 1,5 4,8
 Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер
 Бюджет тапшылығы (профициті) -87,8 -1,5 -101,4 -1,7 13,7

Бекітілген орта мерзімді фискалдық саясат 5850

бойынша ЖІӨ болжамы, млрд. теңге

5.1. Елдің 2004 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау.

2004 жылы ЖІӨ нақты өсуі 9,4 % құрады және көлемнің өнеркәсіпте 10%-ға, құрылыста - 11,2%-ға ұлғаюымен қамтамасыз етілді. Қызметтер секторында көліктің барлық түрімен жүктерді тасымалдау көлемі 9%-ға, байланыс - 32%-ға, сауда - 10,4%-ға ұлғайтылды. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 2003 жылдың деңгейіне 100,1% құрады.

Инфляцияның деңгейі жыл бойы орта есеппен 6,9 % мөлшерінде қалыптасты.

2004 жылы сыртқы тауар рыноктарында мұнайға және металлургиялық өнеркәсіп өнімінің жоғары бағаларымен қатар әлемдік экономиканың өсуі қазақстандық тауарлардың экспортына ықпал етті.

Ауқымды шетел қарыз капиталының келіп түсуімен қатар экспорттан түскен валюталық түсімдер ішкі валюта рыногындағы шетелдік валютаның артық ұсынысына себеп болды. Теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамының номиналды қымбаттауы ішкі валюта рыногына көрсетілген қысымның салдары болды. 2004 жыл ішіндегі теңгенің орташа өлшемдік айырбас бағамы бір долларға 136,04 теңгені құрады. Жыл басынан бастап теңге номиналды мәнде АҚШ долларына қарағанда 9,3 %-ға нығайды. Теңгенің айырбас бағамының АҚШ долларына нақты нығайуы 2004 жылы 5,3 % құрады.

Ішкі сұраныстың ұлғаюы мен теңгенің айырбас бағамының АҚШ долларына қатысты нығайуы салдарынан импорт көлемі өсті.

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) бағалауы бойынша тауарлар экспорты (ФОБ) 20537 млн. АҚШ долларын, тауарлар импорты (ФОБ) - 13783,4 млн. АҚШ долларын, өсу тиісінше 55,6 % және 52,6 % құрады. 2004 жылы сауда теңгерімінің оң сальдосы 2003 жылмен салыстырғанда 61,9 %-ға ұлғайды және Министрліктің бағалауы бойынша 6753,6 млн. АҚШ долларына жетті.

Мұнай өңдеу саласындағы шетелдік инвесторлардың қатысуымен ірі инвестициялық жобаларды, Индустриялық-инновациялық стратегияны іске асыру, сондай-ақ бірқатар салалық бағдарламаларды жүзеге асыру экономикаға тартылған инвестициялардың көлемін жоғары деңгейде сақтап қалуға мүмкіндік берді. 2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы негізгі капиталға инвестициялар 10,6 %-ға ұлғайды.

5.2. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 - 2007 жылдарға арналған негізгі көрсеткіштерінің нақтыланған болжамы.

Бекітілген орта мерзімді фискалдық саясат экономика дамуының, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 - 2007 жылдарға арналған бекітілген орта мерзімді жоспарының базалық сценарийіне негізделген.

Әлемдік тауар рыноктарындағы қолайлы жағдай, макроэкономикалық тұрақтылық, елде жүргізіліп отырған тиімді экономикалық саясат, халықтың өмір сүру деңгейінің жақсаруы нәтижесінде ішкі сұраныстың артуы, өндіріс секторының тұрақты жұмысы, инвестициялық климаттың жақсаруы экономика дамуының жоғары қарқынына себеп болды, бұл негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді қайта қарау үшін негіз болып табылды.

Болжамды көрсеткіштердің ұлғаюына ықпал еткен негізгі факторлар мынадай: 2004 жылғы неғұрлым жоғары нақты база, экспорт тауарларына арналған қолайлы конъюнктура, тауарлар мен қызметтер өндірісінің неғұрлым жоғары өсу қарқыны.

2005 - 2007 жылдарға арналған ЖІӨ-нің болжамы ұлғаю жағына қарай нақтыланды және 2005 жылы - 6580 млрд. теңге, 2006 жылы - 7808 млрд. теңге және 2007 жылы - 8892 млрд. теңге құрайды.

2005-2007 жылдары инфляцияның орташа жылдық деңгейі бекітілген орта мерзімді фискалдық саясатқа есептеулерде ескерілген 4,1 - 6,5 %-ға қарағанда, 5 - 7 % аралығында қалыптасады. Оған мұнайға және металдарға әлемдік бағаның жоғары деңгейі, шетелдік капиталдың келуі, сондай-ақ бюджеттен мемлекеттік қызметшілер мен бюджет салаларының қызметкерлеріне жалақының, зейнетақының, жәрдемақылар мен басқа да әлеуметтік төлемдердің артуы ықпал етуі мүмкін.

Соңғы жылдары қалыптасқан мұнай өңдеу секторындағы өсу үрдісін негізге ала отырып, 2005 - 2007 жылдарға арналған мұнайға әлемдік бағаның болжамы нақтыланды. Базалық сценарий мұнайға әлемдік бағаларды бекітілген орта мерзімді фискалдық саясатқа есептеулерде ескерілген бір баррель үшін 28,5 - 32,9 АҚШ долларына қарағанда, бір баррель үшін 40 - 42 АҚШ доллары аралығында көздейді.

Мұнайға экспорттық бағалар бекітілген орта мерзімді фискалдық саясатқа есептеулерде ескерілген бір баррель үшін 21,4 - 24,7 АҚШ долларына қарағанда 30 - 31,5 АҚШ доллары деңгейінде тұрақтанады.

Сауда теңгерімінің оң сальдосы жылына орта есеппен 5,6 млрд. жуық АҚШ долларын құрайды.

Мұнайға жоғары бағалар инвестициялардың құйылуына, өнеркәсіптік өнімдер, көліктік қызметтер көлемінің, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің өсуіне оң ықпал етеді.

7-кесте

Қазақстан Республикасының 2005 - 2007 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамы (базалық сценарий)

--	--	--	--	--

Атауы	2004 есеп	2005 баға	2006 болжам	2007 болжам
1	2	3	4	5
ЖІӨ, млрд.теңге	5542	6580	7808	8892
ЖІӨ-нің алдағы жылға %-бен нақты өзгеруі	109,4	108	108	108,3
ЖІӨ дефляторы, %	109,9	110	109,8	105,2
ЖІӨ, млрд. АҚШ долл.	40,7	50,6	61,5	71,7
Халықтың жан басына шаққанда ЖІӨ, АҚШ долл.	2697	3352,8	4041,8	4681
Тұтыну бағалары индексі, %				
Жылына орта есеппен	6,9	5-7	5-7	5-7
Тауарлар экспорты млн. АҚШ долл. (ФОБ)	20537	22857,9	23386,3	24196,2
Тауарлар импорты млн.АҚШ долл. (ФОБ)	13783,4	14976,6	18254,7	19635,1
Сауда теңгерімі, млн. АҚШ долл.	6753,6	7881,3	5131,6	4561,1
Негізгі капиталға инвестициялар				
Алдағы жылға %-бен	110,6	112	115	114
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі, млрд. теңге	693,3	738,4	791,7	841,5
алдағы жылға %-бен	100,1	102,7	102,9	102,9
Өндірістік өнімнің көлемі, млрд. теңге	3733,8	4294,4	4624,3	5056,6
алдағы жылға %-бен	110	107,1	106,2	106,3
Мұнай мен газ конденсатын өндіру, млн. тонна	59,4	64	68	72
оның ішінде экспорт, млн. тонна	52,4	54,4	55,1	58,7
Мұнайға әлемдік баға (Brent қоспасы), бір баррель АҚШ доллары	38,3	42	41	40
Мұнайға экспорттық баға бір баррель үшін АҚШ доллары	28,7	31,5	30,8	30
Құрылыс, млрд. теңге	687,8	828,5	997,9	1217,9
алдағы жылға %-бен	111,2	109,5	109,5	110
Көлік қызметтері, млрд. теңге	1180,8	1367,5	1589,9	1854,8
алдағы жылға %-бен	109	107,2	109	109
Байланыс, млрд. теңге	172,4	217,3	273,7	341,6
алдағы жылға %-бен	132	120	120	120

Сауда, млрд. теңге	1117,8	1279,3	1498,9	1747,7
алдағы жылға %-бен	110,4	109	109,5	110

5.3. Салық және бюджет саясаты.

Мемлекет басшысының "Қазақстан экономикалық әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына Жолдауының (бұдан әрі - Жолдау) басты мақсаты саясатта, экономикада және азаматтардың әлеуметтік қорғалушылығын бір мезгілде арттыра отырып, әлеуметтік салада, олардың әл-ауқатын өсіруде, шағын және орта бизнесті дамытуда ауқымды реформалар жүргізу, сондай-ақ Қазақстанның көп ұлтты және көп конфессиялы халқына қатысты жатсынбаушылық саясатын жалғастыру болып табылады.

Мемлекеттің салық саясаты тұтастай алғанда, бекітілген орта мерзімді фискалдық саясаттың міндеттері шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Сонымен қатар, Жолдауда атап көрсетілгендей, мемлекет кәсіпкерлік ортаның бастамашылықтарын іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасауы тиіс.

Осыған байланысты, әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі жедел шаралар бағдарламасына сәйкес салық заңнамасын жетілдірудің негізгі бағыттарына қосымша іс-шаралар енгізілді:

шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолдану саласын кеңейту және салықтық жүктемені азайту, сондай-ақ оларды инвестициялар, ең алдымен экономиканың шикізаттық емес секторына салуға тарту шараларын қабылдау; өткізу бойынша ең төмен айналыс мөлшерін ұлғайту, ол өскен жағдайда салық төлеуші қосылған құн салығы бойынша есепке тұруға міндетті.

Сөйтіп, салық жүйесі экономикалық реттеуіш ретінде жұмыс орындарының санын, өндірілетін жұмыс пен көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюын қамтамасыз ете отырып, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер санының өсуін ынталандыратын болады.

Тұтастай алғанда, орта мерзімді кезеңде мемлекет жүргізетін бюджет саясатының жалпы бағыты сақталады және Мемлекет басшысы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келетін және орнықты экономикалық дамуды қолдауға, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға, бюджетті жоспарлау мен атқару сапасын және мемлекеттік шығыстардың тиімділігін арттыруға бағытталады.

Жолдауда көрсетілген шағын бизнесті қолдау, білім алуға қол жетімділік, студенттерге кредит берудің қазіргі заманғы жүйесін құру, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру сияқты бағыттардағы маңызды бастамалар мемлекеттің бюджет саясатында көрінісін тапты.

5.4. 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бюджеттің кірістері.

Мемлекеттік бюджеттің кірістері 2005 жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштерді қайта қарау нәтижесінде, 2004 жылдың қорытындысы бойынша есептік көрсеткіштерге, сондай-ақ мұнай секторындағы кәсіпорындар бойынша біржолғы сипаттағы болжамды қосымша түсімдерге негізделе отырып нақтыланды.

2005 жылы салықтық түсімдердің өсуі алдыңғы жылға қатынасы бойынша 23,9 %, 2006 және 2007 жылдары тиісінше - 10,6 % және 12 % құрайды.

Кірістердің болжамын есептеулерде бұрын болжанған мерзім 2005 жылғы 1 қаңтардың орнына 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды есептеу тәртібін реттейтін Салық кодексінің ережелеріне енгізілген өзгерістер ескерілді.

2005 жылы салықтық емес түсімдер 2004 жылға теңге бағамының нығаюымен және 2004 жылғы біржолдық төлемдердің түсуімен, 2006 жылы 2005 жылға нақтыланған болжамға 5,7 %-ға өсуімен және 2007 жылы - 2006 жылғы нақтыланған болжамға 4 %-ға ұлғаюмен байланысты 49,2%-ға азаюмен болжанады.

8-кесте

2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет кірістерінің болжамы (ЖІӨ-ге пайызбен)

Атауы	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл
Кірістер	23,3	21,8	21,7
Салықтық түсімдер	22,3	20,8	20,5
Салықтық емес түсімдер	0,6	0,6	0,5
Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер	0,3	0,4	0,7

Орта мерзімді перспективада Ұлттық қорда қаражат жинақтау саясатын жалғастыру жоспарлануда.

Әлемдік қаржы рыноктарындағы қолайлы конъюнктураға байланысты мемлекеттік бюджетке табиғи ресурстарды өндірумен байланысты түсетін төлемдер едәуір ұлғайды.

2005 жылы қолданыстағы заңнама жағдайында Ұлттық қорға 128 млрд. теңге, бұл бұрын болжанған сомандан 48,2 %-ға көп, 2006 жылы - 114 млрд. теңге (45,4 %-ға), 2007 жылы - 107,2 млрд. теңге (36%-ға) сомасында түсімдер болжанады.

9-кесте

Мемлекеттік бюджет кірістерінің құрылымы (мемлекеттік бюджет кірістеріне пайызбен)

Кәсіпорындардан түсетін түсімдер	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл
Мұнай секторынан	26,4	20,9	17,6
Мұнай емес секторынан	73,6	79,1	82,4

5.5. 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бюджеттің шығыстары.

Оң макроэкономикалық ахуал және соның нәтижесіндегі бюджет жүйесінің барлық деңгейлерінде кірістер түсімдерінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мемлекеттік бюджет шығыстарын қаржыландыруды ұлғайтуға және оның құрылымын өзгертуге айтарлықтай ықпал етті.

Нарықтық экономика жағдайында еңбек рыногында жеке сектордағы еңбекке ақы төлеу деңгейімен салыстырғанда мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысының төмен деңгейімен сипатталатын ахуал қалыптасты. Бұл мемлекеттік сектордағы жалақының деңгейін жеке сектордың деңгейіне жақындату қажеттілігін негіздейді.

Осы проблеманы шешу үшін, орындалатын жұмыстың өнімділігі мен сапасын ынталандыру, мемлекеттік қызметке жоғары білікті және кәсіптік кадрларды тарту, халықтың әл-ауқатын жақсарту мақсатында Жолдауға сәйкес 2005 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік қызметшілер мен бюджет сапасы қызметкерлерінің жалақысы орта есеппен 32 %-ға, ал 2007 жылдан бастап - орта есеппен 30 %-ға ұлғайтылатын болады.

2005 жылғы 1 шілдеден бастап ең төменгі жалақы мөлшері 9200 теңгені құрайды.

Мемлекеттік қызметшілер мен бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын ұлғайту үшін мемлекеттік бюджетте 2005 - 2007 жылдары 242 млрд. жуық теңге, оның ішінде 2005 жылы 53,2 млрд. теңге қосымша қаражат көзделетін болады.

Қазіргі уақытта экономика білімге негізделген дамудың сапалы жаңа кезеңінде ауысуда. Қатаң әлемдік рыноктық бәсекелестік жағдайда мемлекеттің экономикалық өсуі мен өркендеуі қазіргі заманғы ойшыл, жұмысқа қабілетті, білімді адамдарға байланысты, оларға өзін өзі барынша көрсете білу және жаңа білімдер алу үшін барлық жағдайлар жасалатын болады.

Қазақстанға қазіргі әлемде лайықты орын алуға мүмкіндік беретін тиімді жұмыс істейтін білім беру жүйесін қалыптастыру, кадрларды оқыту мен даярлаудың неғұрлым жоғары деңгейіне көшу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығымен Білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді, оның іске асырылуына 2005 - 2007 жылдары мемлекеттік бюджеттен 2004 жылдың деңгейіне қосымша 90 млрд. астам теңге жіберілетін болады.

Мемлекет басшысы Жолдауында білім беру жүйесін әлемдік стандарттар деңгейіне шығару, болашақтың жоғары технологиялық әрі ғылымды қажетсінетін өндірістері үшін кадрлық қорлар жасақтау мақсатында оны жетілдіру қажеттігі туралы атап өтті.

Осыған байланысты, студенттердің оқуын бюджеттен қаржыландырудың бірыңғай жүйесін құру мақсатында білім беру кредиттерінің есебінен білім беруге арналған кредиттердің мөлшері

50 % ұлғайтылады, сонымен бір мезгілде осы аталған кредиттердің қайтарылуына мемлекеттің кепілдігін беруді қамтамасыз ете отырып, екінші деңгейдегі банктер арқылы студенттерге кредит бөлудің осы заманғы жүйесі жасалады.

Сондай-ақ, студенттерге берілетін кредиттерді мемлекеттік кепілдендіру жүйесін іске асыру мақсатында таяудағы 5 жыл ішінде "Қаржы орталығы" акционерлік қоғамы арқылы қосымша шамамен 2 млрд.теңге, оның ішінде:

2005 жылы - 600 млн. теңге;

2006 жылы - 350 млн. теңге;

2007 жылы - 350 млн. теңге бөлінетін болады.

2005 жылғы 1 шілдеден бастап жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ кәсіптік орта білім беру ұйымдарының оқушыларына стипендиялар мөлшері екі еседен аса ұлғайтылатын болады. Осы мақсаттарға 2005 - 2007 жылдары бюджеттен 22,5 млрд. теңге қосымша бөлінеді.

Жыл сайын "Болашақ" бағдарламасының шеңберінде ең үздік үш мың студентке республикалық бюджеттен әлемнің озық жоғары оқу орындарында тағлымдамадан өту үшін қаражат бөлінетін болады.

Профессор-оқытушылар құрамын қолдау мақсатында "Үздік оқытушы" мемлекеттік стипендия төленетін болады, ол кез келген шетелге тәжірибеден өтуге баруды қарастыратын әрі бір жыл бойы ғылыми зерттеулер жүргізуге берілетін гранттың мәртебесіне ие болады.

Өзірленетін "Жасыл ел" бағдарламасының шеңберінде жастар арасында жұмыссыздық деңгейін азайту мақсатында ормандарды молықтыру, республика аумақтарын көгалдандыру мен абаттандыру жөніндегі іс-шараларға оқушылар мен студенттер, сондай-ақ жұмыс істемейтін жастар тартылатын болады. Сондай-ақ жазғы демалыс кезінде тұрғын үй салу жөніндегі іс-шараларға студенттердің қатысуы үшін құрылыс жасақтары ұйымдастырылатын болады.

"Білім беру" функционалдық тобы бойынша шығыстар 2005 жылы ЖІӨ-ге 3,5 %, 2006 жылы - 3,8 %, 2007 жылы - 4,4 % деңгейінде көзделетін болады.

Денсаулық сақтау саласында Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығымен Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді, оның іске асырылуына 2005 - 2007 жылдары мемлекеттік бюджетте 2004 жылдың деңгейіне қосымша шамамен 117,7 млрд. теңге сомасында қаражат көзделетін болады.

Осы бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2005 жылғы мемлекеттік бюджетте мыналарға қаражат көзделген:

жүкті әйелдерді құрамында темір және йоды бар препараттармен тегін қамтамасыз етуге - 736,8 млн. теңге, барлығы 2005 - 2007 жылдары шамамен 2,3 млрд. теңге бөлінетін болады;

5 жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге - 532,3 млн. теңге, барлығы 2005 - 2007 жылдары шамамен 1,7 млрд. теңге бөлінетін болады;

азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық алдын-алу тексерулерін жүзеге асыруға - 847,8 млн. теңге, барлығы 2005 - 2007 жылдары шамамен 10,2 млрд. теңге бөлінетін болады;

жергілікті деңгейдегі медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға - 5,2 млрд. теңге;

"Денсаулық сақтау" функционалдық тобы бойынша шығыстар 2005 жылы ЖІӨ-ге 2,6 %, 2006 жылы - 2,7 %, 2007 жылы - 2,8 % деңгейінде көзделетін болады.

Ауқымды әлеуметтік бағдарлама - Жолдаудың басты ерекшеліктерінің бірі. Бюджеттік ресурстар әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға және халықтың неғұрлым осал жіктерін қолдауға бағыттالاتын болады. Реформалардың нақты нәтижелері халықтың өмір сүру деңгейін сапалы жақсартуға әкелуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1241 қаулысымен Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Әлеуметтік реформалар бағдарламасы) бекітілді.

Жолдауда Мемлекет басшысы осы бағдарламаның жеке іс-шараларын нақтылады:

2005 жылғы 1 шілдеден бастап зейнетақы жасына жеткен Қазақстанның барлық азаматтарына жұмыс өтіміне, жалақысы мен есептелген зейнетақы мөлшеріне қарамастан, 3000 теңге мөлшерінде базалық зейнетақы төлемі төленетін болады. Базалық зейнетақы төлемін есепке алғанда ең төменгі зейнетақы мөлшері 9200 теңгені құрайды;

2006 жылдан бастап мүгедектігіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері 1000 теңгеге, асыраушысынан айырылуына байланысты асырауындағы адамдар санына байланысты 300-ден 1000 теңгеге дейін қосымша арттырылатын болады;

әлеуметтік реформалар бағдарламасында жоспарланғандай, 2007 жылдан бастап емес, 2006 жылдан бастап бір жасқа дейінгі баланы күтуге мемлекеттік жәрдемақылар енгізіледі.

Сонымен қатар, халықты әлеуметтік қолдау шеңберінде орта мерзімді кезеңде:

2006 жылдан бастап жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың және жер асты және ашық тау-кен жұмыстарында, өте зиянды және еңбек жағдайы аса ауыр жұмыстарда жұмыс істеген адамдарға мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін қосымша 1000 теңгеге арттыру;

төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы аналарға, сондай-ақ "Алтын алқа", "Күміс алқа" немесе бірінші және екінші дәрежелі "Ана даңқы" белгілерімен марапатталған аналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшерін 4000 теңгеге көбейту қосымша жоспарлануда.

Осылайша, Әлеуметтік реформалар бағдарламасының іс-шараларын іске асыруға және мемлекеттік бюджеттен халықты әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шараларды қаржыландыруға 2005 - 2007 жылдары 2004 жылдың деңгейіне шамамен қосымша 310,5 млрд. теңге бөлінеді.

"Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек" функционалдық тобы бойынша шығыстар 2005 жылы ЖІӨ-ден 5,3 %, 2006 жылы ЖІӨ-ден 5,4 %, 2007 жылы ЖІӨ-ден 5,2 % деңгейінде көзделетін болады.

Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау саласында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау мақсатында, сондай-ақ ауыл аймақтарын кешенді дамыту және ауыл тұрғындарын ұлттық стандарттағы өмір сапасы бар қалыпты өмірмен қамтамасыз ету үшін 2005 жылы "Агроөнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы әзірленеді.

Ормандар алаңдарын ұлғайту, елді мекендерді көгалдандыру және олардың айналасына жасыл аймақтар құру, сондай-ақ экологиялық жағдайды жақсартудың маңызды құраушысы болып табылатын өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау және ұтымды пайдалану мақсатында, халықтың өмір сүруінің қолайлы жағдайларын жасау мен биологиялық әр түрлілікті сақтау үшін "Жасыл ел" бағдарламасы әзірленеді, оны іске асыру ормандарды күзету, қорғау және өсімін молайту саласындағы жағдайды тұрақтандыруға, республиканың табиғи-қорықтар қорын сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл іс-шараларға мемлекеттік бюджетте қажетті қаражат көздеу болжануда.

"Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау" функционалдық тобы бойынша шығыстар 2005 жылы ЖІӨ-ден 1,4%, 2006 жылы ЖІӨ-ден 1,5 %, 2007 жылы ЖІӨ-ден 1,4 % деңгейінде көзделетін болады.

Мемлекет басшысы Жолдауда кәсіпкерлік ортаны одан әрі күшейту мәселелеріне және шағын және орта бизнесті дамытудың жаңа идеологиясын қалыптастыру қажеттігіне ерекше көңіл бөлді.

Ең маңызды аспектілердің бірі шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын кеңейту болады. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) базасында "Қаржы супермаркеті" құрылады.

Қорға 2005 жылғы республикалық бюджеттен жарғылық капиталды ұлғайту үшін 10 млрд. теңге, оның ішінде:

кейін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне шағын кредиттер беруді қамтамасыз ету үшін Қордың жүз пайыздық қатысуымен шағын кредиттік ұйымдар құру;

жеке инвесторлардан және банктерден кредиттерді алу кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін кепілдік беру жүйесін құру;

жобалық кредит беруді қаржылық қолдау, франчайзинг негізіндегі жобаларды қаржыландыру, бизнес-жобаларды әзірлеу, кейіннен конкурстық негізде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берумен олардың бастапқы элементтерін іске асыру, кейіннен қайта құрылымдаумен және кәсіпкерге берумен дайын бизнесті сатып алу жөніндегі жобаларды қаржыландыру үшін бөлінетін болады.

Орта мерзімді фискалдық саясатты нақтылау ескерілген мемлекеттік бюджеттің шығыстары 10-кестеде көрсетілген.

10-кесте

2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет

шығыстарының болжамы

(ЖІӨ-ге пайызбен)

Атауы	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл
-------	----------	----------	----------

1 2 3 4

Шығыстар 25,2 23,9 23,8

Жалпы сипаттағы мемлекеттік

қызметтер көрсету 1,4 1,3 1,3

Қорғаныс 1,2 1,2 1,2

Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік 2,2 1,9 1,9

Білім беру 3,5 3,8 4,4

Денсаулық сақтау 2,6 2,7 2,8

Әлеуметтік көмек және әлеуметтік

қамсыздандыру 5,3 5,4 5,2

Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық 2,2 1,9 1,9

Мәдениет, спорт, туризм және

ақпараттық кеңістік 0,7 0,7 0,6

Жылу-энергетика кешені және жер

қойнауын пайдалану 0,5 0,3 0,2

Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы

және қоршаған ортаны қорғау 1,4 1,5 1,4

Көлік және байланыс 1,7 1,4 1,3

Басқалар 1,8 1,2 1,0

Борышқа қызмет көрсету 0,5 0,5 0,5

Ресми трансферттер 0,2 0,1 0,1

Орта мерзімді фискалдық саясатты нақтылау өзгерген макроэкономикалық жағдайды және мемлекет қабылдаған жаңа міндеттемелерді ескере отырып,

мемлекеттік бюджеттің орта мерзімді перспективаға мүмкіндіктерін айқындап берді. Оларды іске асыру үшін мемлекеттік бюджет өлшемдері, оның ішінде тапшылық қайта қаралды.

2005 жылы мемлекеттік бюджет тапшылығы ЖІӨ-ге 1,7 %-ды, 2006 - 2007 жылдары - ЖІӨ-ге 1,9 %-ды құрайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасын әзірлеуге, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған міндеттерді іске асыру қажеттігіне және жүргізіліп жатқан жинақтар саясатына байланысты республикалық бюджет тапшылығының өлшемдерін айқындау бюджеттің мұнайдан тыс тапшылығының қалыптасып отырған мөлшеріне негізделе отырып жүзеге асырылатын болады.